

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Bolashaq» академиясы

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Академия «Bolashaq»

АКАДЕМИК Қ.И.САТПАЕВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН
«ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары



Материалы
Международной научно-практической конференции
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ»
ПОСВЯЩЕННОЙ 125 - ЛЕТИЮ АКАДЕМИКА
К.И.САТПАЕВА



MATERIALS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE
«SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD»
DEDICATED TO THE 125TH ANNIVERSARY OF K.I.
SATPAYEV

Том 2

Қарағанды – Караганды - Karagandy
«Болашақ-Баспа»
2024

Академик Қ.И.Сатпаевтың 125 жылдығына арналған «**Заманауи әлемдегі ғылым мен білім**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ. 2024.- 292 бет.- 2 том.

ISBN 978-601-273-436-2

. Аталған жинаққа «Bolashaq» академиясында 2024 жылдың 26 сәуірде өткен Академик Қ.И.Сатпаевтың 125 жылдығына арналған «**Заманауи әлемдегі ғылым мен білім**» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. Бұл материалдар ғылым саласында әртүрлі проблемаларды қарастырады және ЖОО оқытушылары мен ғылым саласындағы қызметкерлердің және жас ғалымдардың кең ауқымды ғылыми еңбектерін қамтиды.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ

- Рысмагамбетова Г.М. - «Bolashaq» академиясының ректоры, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор
- Шевякова А.Л., э.ғ.к. доцент
- Смагулова Г.С., ғылыми зерттеулер, ізгілік педагогика және педагогикалық тәлімгерлік орталығының маманы.
- Абдрахманова А.С., п.ғ.к.
- Григорчук И.Ю., аға оқытушы
- Бокижанова Г.К., п.ғ.к. доцент
- Шашанова М.Б. т.ғ.к. доцент
- Утяев А.Ф., ф.ғ.к., доцент, БашМУ Стерлитамак филиалы деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары (Ресей)
- Глухова В.И., э.ғ.к., доцент, Остроградский атындағы Кременчуг ұлттық университетінің бухгалтерлік есеп кафедрасының меңгерушісі (Украина)

Материалы международной научно - практической конференции «**Наука и образование в современном мире**», посвященной 125 - летию академика К.И.Сатпаева. – Қарағанды: РИО «Болашақ-Баспа» 2024.- 292 стр. - 2 том

В настоящее издание вошли материалы международной научно - практической конференции «**Наука и образование в современном мире**» посвященной 125 - летию академика К.И.Сатпаева 26 апреля 2024 года в Академии «Bolashaq». Они отражают проблемы различных отраслей науки и рассчитаны на широкий круг научных работников, преподавателей вузов и молодых ученых.

ЧЛЕНЫ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

- Рысмагамбетова Г.М., ректор к.ю.н., ассоциированный профессор.
- Шевякова А.Л., к.э.н., доцент
- Смагулова Г.С., специалист центра научных исследований, гуманной педагогики и педагогического наставничества.
- Абдрахманова А.С., к.п.н., доцент
- Григорчук И.Ю., ст.преподаватель
- Бокижанова Г.К., к.п.н. доцент
- Шашанова М.Б., к.т.н., доцент
- Утяев А.Ф., к.фил.н. доцент, зам.декана по научной работе Стерлитамакского филиала БашГУ (Россия)
- Глухова В.И., к.э.н., доцент, зав.кафедрой учета и финансов Кременчугского национального университета им.М.Остроградского (Украина)

Materials of the international scientific - practical conference «**Science and education in the modern world**» dedicated to the 125th anniversary of K.I. Satpayev. - Karagandy: EPD "Bolashak-Baspa" 2024.-292 pages – 2st volume.

This publication includes materials from the international scientific and practical conference "**Science and Education in the Modern World**" dedicated to the 125th anniversary of K.I. Satpayev which was held on April 26, 2024 at the Bolashaq Academy. They reflect the problems of various branches of science and are designed for a wide range of scientists, university professors and young scientists.

EDITORIAL TEAM:

- Rysmagambetova G.M., Rector PhD in Law, Associate Professor.
- Shevyakova A.L., Candidate of Economics, Associate Professor
- Smagulova G.S., specialist of the Center for Scientific Research, Humane Pedagogy and Pedagogical Mentoring.
- Abdrakhmanova A.S., PhD, Associate Professor
- Grigorchuk I.Y., senior lecturer
- Bokizhanova G.K., Ph.D. Associate Professor
- Shachshanova M.B., Ph.D., Associate Professor
- Utyaev A.F., Candidate of Philology, Associate Professor, Deputy Dean for Research, Sterlitamak branch of BashGU (Russia)
- Glukhova V.I., Candidate of Economics, Associate Professor, Head of the Department of Accounting and Finance, Kremenchug National University named after M. Ostrogradsky (Ukraine)

©Авторлар ұжымы
© «Bolashaq» академиясы
«Болашақ-Баспа» РББ., 2024



**ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҰЛҒАНЫ
ТӘРБИЕЛЕУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ
ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ**



**ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ ПРОЦЕССОВ
ВОСПИТАНИЯ, ОБУЧЕНИЯ И РАЗВИТИЯ
ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ НЕПРЕРЫВНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**



**INNOVATIVE APPROACHES TO THE PROCESSES
OF UPBRINGING, TRAINING AND PERSONAL
DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF
CONTINUING EDUCATION**

Абильдина А.Б.
докторант кафедры педагогики
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева
город Астана, Казахстан
assiya.abildina@gmail.com

КОУЧИНГ КАК СОВРЕМЕННЫЙ ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

В данной статье рассматриваются преимущества применения коучинг-технологии в современном образовании. Целью статьи является рассмотреть коучинговый подход в образовании как один из перспективных инструментов сопровождения личностно-профессионального становления студента.

В XXI веке мы сталкиваемся с беспрецедентными проблемами – социальными, экономическими и экологическими, возникновение которых подчас невозможно предсказать. Современному поколению необходимо развивать любознательность, критическое мышление, стойкость и самоконтроль; им нужно будет понимать и уважать чужие идеи, взгляды и ценности, чтобы жить в таком неопределенном и постоянно меняющемся мире.

На основании международного анализа учебных программ и сотрудничества с экспертами, Организацией экономического сотрудничества и развития разработан проект «Образовательный компас 2030». В нем изложено

видение того, каким должно быть образование в будущем. В рамках Компаса один из ключевых терминов – student agency. Student agency, что можно перевести как «самостоятельность обучающихся», определяется как способность, стремление и установка оказывать положительное влияние на собственную жизнь и окружающий мир. Термин близок к понятию «мышление роста», т. е. установка на постоянное развитие и применение новых знаний.

Student agency предполагает наличие способности ставить цели, планировать свои действия и принимать за них ответственность [1].

Тенденции динамичного развития системы образования актуализируют проблемы профессионального образования. Вышесказанное в полной мере относится к высшему профессиональному образованию, так как развитие системы образования в стране в значительной степени зависит от состояния профессионального уровня и качества подготовки будущих педагогов. Таким образом, необходимо сосредоточиться на повышении производительности и способности студента к обучению. В процессе обучения стимулировать подопечного к более глубокому осознанию своих целей, возможностей, ограничений и помогать выработать оптимальный способ решения конкретных проблем.

По мнению авторов В. Н. Кормаковой, О. В. Коновой в последние годы в структуре педагогической поддержки обучающихся особое место занимает коучинг - инновационная технология обучения, создающая условия для формирования личности обучающегося как субъекта будущей профессиональной деятельности, способного к реализации своих потенциальных возможностей. Эта инновационная технология способствует актуализации внутренних ресурсов и педагога, и обучающегося в достижении планируемого результата [2].

Сегодня образование должно развивать не только интеллектуальные, но и эмоциональные, социальные и стратегические ресурсы. По мнению Абу-Талеб Д.В. передача данных (знаний) в информационную эпоху теряет свою первоочередную актуальность: так, и сами учащиеся задаются, порой, вопросом о том, зачем автоматическое заучивание того, что можно, при необходимости, найти в интернете. И этот вопрос свидетельствует о необходимости смещения акцентов образования [3].

Именно коучинговый подход представляет собой бесценный инструмент. Он позволяет не просто передать знания, но и развить у обучающихся такие качества как устойчивость, гибкость, внимательность к настоящему, прозрачность и интуитивность в мышлении. Коучинг поддерживает индивидуальный подход, помогает учащимся осознать и развить свои сильные стороны, научиться ставить цели и достигать их, а также адаптироваться к постоянно меняющемуся миру. Как специалисты в сфере образования, мы должны осознавать, что наша задача сегодня – не только передать знания, но и научить обучающихся мыслить критически, быть гибкими и адаптивными, способными к самообучению и саморазвитию.

В статье «Коучинг как средство саморазвития личности» О.В.Зиневич и Э.Д.Петрова в подтверждение вышесказанного пишут о том, что традиционные цели, содержание и формы образования - обучение знаниям и учебным предметам, лекционно-семинарские формы преподавания- неэффективны» [4].

Коучинг, который появился в недрах психологического консультирования спортсменов, а затем долгое время развивался как технология организационного консультирования, бизнес-консультирования, как технология развития персонала и в последние годы как технология повышения эффективности обучения в средней и высшей школе. Согласно формулировке Тимоти Голви, основателя коучинга, коучинг – это раскрытие потенциала человека с целью максимального повышения его эффективности. Истоки коучинга исходят еще к античности. Известные сократовские диалоги, по сути являются воплощением коучингового подхода. В результате этих бесед Сократ позволял родиться истине при особом взаимодействии учащегося и учителя, не передавал своему воспитаннику готового знания [5].

Роль коуча – умение задавать вопросы и пытаться заставить подопечного взглянуть на стоящие перед ним проблемы с новой точки зрения и придумать собственные решения проблем. Существуют множество инструментов и техник, некоторые из которых следующие: активное слушание – сочувствие, отсутствие прямых указаний, открытые вопросы, рефлексия и самосознание – размышление о собственном опыте и чувствах, а также определение своих сильных и слабых сторон. Элементы коучинга направлены на повышения активности студентов в процессе обучения. Центральным аспектом коучинга являются взаимоотношения между преподавателем и студентами, где первый эффективно организует процесс поиска последними лучших решений своих задач и воплощения их в жизнь, стимулирует и побуждает к повышению уровня коммуникативного развития. Коуч помогает студентам развиваться, осваивать новые навыки и достигать высоких результатов не только в коммуникативной деятельности, а также в своей будущей профессии.

В мире преподавания цель состоит в том, чтобы достичь как можно более стандартизированного результата. Оценивание и оценка используются для измерения знаний студентов. Для достижения таких целей обучающая среда должна быть более структурированной. В мире коучинга у студентов есть возможность влиять на цели обучения. Максимов В.Е. отмечает, что коучинг возможен только тогда, когда: - студент понимает, что существует различие между тем, кто он есть и тем, кем хотел бы быть; - студент готов думать новым, непривычным для себя способом; - студент готов к совершению необходимых изменений и предпринимает необходимые действия; - студент согласен с тем, что за результат несёт ответственность только он сам, а не коуч-преподаватель; Иными словами, используя коучинг, студенты достигают своих целей «гораздо быстрее, наиболее эффективным путем и просто получают удовольствие от процесса» [6 с. 16]. Коучинг обладает большей гибкостью и фокусируется на руководстве самим процессом обучения и направлен на профессиональное развитие студента с учетом его интересов. Конечным результатом является приобретение студентами широкого спектра навыков.

Выделяют следующие шаги в процессе коучинга:

- установление доверительных отношений;
- прояснение ожиданий и целей, оказание помощи студентам в поиске источника мотивации;
- коуч показывает план или процесс с конкретными шагами, сроками, чтобы помочь учащимся продвинуться к желаемым результатам.

Регулярные коучинг-сессии позволяют студентам размышлять о своем прогрессе, отмечать успехи, преодолевать трудности и вносить необходимые коррективы в план действий.

В рамках высшего образования студенты получают знания о каком-либо факте, явлении, правиле в готовом варианте, который не предполагает наличия разных точек зрения. Преподаватели стремятся к однозначности определений, классификаций и взглядов на одну и ту же проблему, но в настоящее время в связи с переходом на новую модель образования обществу нужны специалисты не только с хорошим уровнем знаний, но и с навыками нестандартного мышления. Важно, чтобы студенты научились понимать, что не всегда существует четко определенная позиция по какой-либо проблеме, нужно объяснить им как в большом потоке информации отбирать главное, разбираться в самой сути вопроса, рассматривать разные подходы и принимать для себя ту сторону, которая будет более ясной, понятной, значимой. Следовательно, можно говорить о том, что коучинг - это не только способ «вращения» успешного студента, обучающегося, но и современная и очень социализированная практика для развития осознанности и восприятия.

Подводя итог вышеизложенному, можно сказать, что реформы казахстанской системы образования, обусловленные социально-экономическими преобразованиями общества в целом, неизбежно диктуют необходимость внедрения современных подходов в системе профессиональной подготовки будущих педагогов в условиях меняющихся потребностей рынка труда. Исследование данной проблемы и внедрение коучинг-технологии в процесс профессиональной подготовки будущих педагогов, способствует росту педагогов с высоким уровнем профессиональных и личностных компетенций. Созидательный коучинговый подход позволяет максимально быстро раскрыть внутренний потенциал личности студента, а также сформировать мотивационную готовность к труду в сфере образования. Такой метод работы со студентами позволит сориентировать их в профессиональном выборе, повысить веру в свои потенциальные возможности и реализации себя в будущей профессиональной деятельности.

Список использованных источников:

1. <https://www.oecd.org/>: – OECD Future of Education and Skills 2030 - Organisation for Economic Co-operation and Development (дата обращения 26.03.2024). – Текст: электронный.
2. Кормакова В. Н. Коучинг как средство профессионального самоопределения выпускников медицинского колледжа / В. Н. Кормакова, О. В. Конова // Научный результат. Серия: Педагогика и психология образования. 2015. Т. 1, № 1 (3). С. 16–20.
3. Абу-Таліб Д.В. Коучинг как инструмент развития личности учащегося в интегральном образовании // Universum: психология и образование: электрон. научн. журн. 2021. 7(85). URL: <https://7universum.com/ru/psy/archive/item/11916>
4. Зиневич О.В. и Петровой Э.Д. Коучинг как средство саморазвития личности // Сибирский педагогический журнал. - №8. - 2012. - С.172-177
5. Голви, У. Тимоти. Работа как внутренняя игра: Фокус, обучение, довольствие и мобильность на рабочем месте. М.: «Альпина Бизнес Букс», 2005
6. Максимов В.Е. Коучинг от А до Я. Возможно все / В. Е. Максимов. – СПб.:Речь,2004.–272с

Абильдина А.Б.

КОУЧИНГ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛЫ

Бұл мақалада заманауи білім беруде коучинг технологиясын қолданудың артықшылықтары қарастырылады. Мақаланың мақсаты – білім берудегі коучинг тәсілін студенттің тұлғалық және кәсіби дамуын қолдаудың болашақ құралдарының бірі ретінде қарастыру.

Abildina A.B.

COACHING AS A MODERN TOOL FOR DEVELOPING THE RESOURCES OF FUTURE TEACHERS

This article discusses the advantages of using coaching technology in modern education. The purpose of the article is to consider the coaching approach in education as one of the promising tools for supporting the personal and professional development of a student.

Абильдина С. Н., Есенова Т. К
ҚМҚК «Ақерке» бөбекжайының тәрбиешілері
Жаңаарқа ауданы, Ұлытау облысы, Қазақстан Республикасы
abildina@inox.ru

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

Мақалада мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасындағы балалардың психологиялық қауіпсіздігі мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ білім беру ортасы, психологиялық қауіпсіздік, білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі ұғымдарының мағынасы ашылған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы психологиялық қауіпсіздік қатерлері және оларды диагностикалау әдістері зерделенген.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасындағы балалардың психологиялық қауіпсіздігі бүгін де өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қоғамдағы ең сұранысқа ие институттардың бірі болып табылатыны анық. Ендеше балабақша баланың өмір сүру ортасының бір бөлігі болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру ұйымы білім беру қатынастарына тікелей қатысып, психологиялық қауіпсіз орта құру қажеттілігін қатты сезінуі тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасындағы балалардың психологиялық қауіпсіздігін талдамас бұрын алдымен білім беру ортасы, психологиялық қауіпсіздік, білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі ұғымдарының мағынасын қарастырып өтсем. Білім беру ортасы - бұл баланың мектепке дейінгі мекемедегі жан-жақты дамуына, оның физикалық және психикалық денсаулығының жай-күйіне, одан әрі білім берудің сәттілігіне, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара әрекеттесуіне тікелей және жанама әсер ететін жағдайлар жиынтығы.

Ал психологиялық қауіпсіздік дегенімізге И. А. Баева «Білім берудегі психологиялық қауіпсіздік» деген еңбегінде былай деп анықтама береді: «Өзара қарым-қатынастағы психологиялық зорлық-зомбылықсыз, жеке және сенімді қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететін, қоршаған ортаның маңыздылығын тудыратын және оған қатысушылардың психикалық денсаулығын қамтамасыз ететін білім беру ортасының жағдайы». Энциклопедиялық сөздікте психологиялық қауіпсіздік адамның психологиялық жайлылығын сезіну, өз мәртебесін, өзін-өзі бағалауды және олардың қол сұғылмаушылығын түсіну, сондай-ақ өзін эмоционалды қабылдауы деп түсіндіріледі. «Психологиялық қауіпсіздік» көбінесе «психикалық денсаулық» және «қауіп» категориялары арқылы анықталады және адамның психикалық дамуы сәтті қамтамасыз етілген және оның психикалық денсаулығына ішкі және сыртқы қауіптер жеткілікті түрде көрініс тапқан жағдай ретінде түсіндіріледі.

Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі дегеніміз-бұл өзара әрекеттесудегі психологиялық зорлық-зомбылықтың көріністерінен алшақ, жеке және сенімді қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететін, қоршаған ортаның анықтамалық маңыздылығын құратын және оған кіретін қатысушылардың психикалық денсаулығын қамтамасыз ететін жағдай. Психологиялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейі бар білім беру ортасында балалар жағымды эмоциялар, танымдық және әлеуметтік белсенділік, жеткілікті өзін-өзі бағалау басым болатын тұрақты эмоционалды күймен ерекшеленеді. Педагогтар үшін психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта кәсіби күй процесінің баяулауын, стресс деңгейінің төмендеуін қамтамасыз етеді және әртүрлі жағдайларға стресске төзімділікті қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы психологиялық қауіпсіздік қатерлері және оларды диагностикалау әдістері:

Сыртқы:

- Кеңістікті түстермен безендіру, қозғалыс белсенділігі режимін сақтамау (баланың қауіпсіздігі туралы жалған сабақ); балалардың жасына сәйкес келмейтін ойыншықтардың болуы немесе оларға қол жетімділікті шектеу.

- Балалардың құрдастарымен өзара әрекеттесуін бақылау картасы.

- Балалардың басқа балалармен тұлғааралық қарым-қатынасы. Қабылданбаған балаларда микросоциуммен бағытын өзгерту сезімі пайда болады.

- Зияткерлік-дене және психоэмоционалды шамадан тыс жүктеме, иррационалды түрде құрылған режим (күнделікті режимді сақтауды медициналық-педагогикалық бақылау).

- Педагогтардың балалармен өзара іс-әрекетін бақылау картасы (психологиялық қауіпсіздіктегі қанағаттану деңгейін және педагогтармен қарым-қатынаста жайлылықты анықтау).

- Ауыр бейімделу қаупі (зерттеу әдістері - бейімделу парақтары).

Ішкі:

- теріс мінез-құлық әдеттері баланың басқа балалардың сәтсіздіктері аясында хабардар болуы;

- автономияның болмауы-барлық нәрсеге ересек адамға тікелей тәуелділік;

- баланың жеке-жеке ерекшеліктері-қорқыныш немесе назарда болу әдеті;

- тәрбишілердің кәсіби күйіп қалуы.

Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қауіпсіз орта құру оның қатысушыларының денсаулығын сақтауға және нығайтуға көмектеседі, зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғайды және соматикалық аурулардың деңгейін төмендетеді. Сондықтан мұнда қауіпсіз және жайлы білім беру ортасының факторларының болуы және оған қауіп төндіретін факторларды жою маңызды шарт болып табылады. Мектепке дейінгі мекемеде баланың жеке басының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

- балалардың психологиялық жағдайы үшін қолайлы режимдік сәттерді ұйымдастыру: ұйқы, тамақтану, серуендеу және т. б.;

- дене тәрбиесі арқылы балалардың психоэмоционалды жағдайының алдын алу жүйесі: массаж, су процедуралары, эмоционалды жағдайды арттыратын арнайы, сауықтыру ойындары және т. б.;

- кернеуді басуға көмектесетін интерьердің арнайы түстік шешімін таңдау арқылы арт-терапия;

- табиғи материалдармен жұмыс: саз, құм, су - бұл әдетте балаларды қызықтырады және жағымсыз эмоциялардан алшақтатады;

- баланың көңіл-күйі мен көңіл-күйін бақылау, оларды уақтылы түзету;

- баланың көңіл-күйі мен көңіл-күйін бақылау, оларды уақтылы түзету;

- бүкіл мекеменің пәндік-кеңістіктік ортасын дамыту, баланың басқа балалармен және ересектермен байланысу мүмкіндігін кеңейту.

Мектепке дейінгі білім берудегі психологиялық қауіпсіздік, білім беру қатынастарына қатысушылардың барлығының қауіпсіздігі ретінде балалардың да, тәрбиешілердің, ата-аналардың да психикалық және кәсіби дамуының оң мүмкіндіктерін іске қосудың бастапқы тетігі болып табылады. МДҰ-да білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін сақтау үшін:

1. Эмоциялық күйіп қалудың алдын алуға бағытталған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарымен тренингтер өткізу.

2. Ата-аналармен және педагогтармен олардың сұраныстары бойынша жүйелі кеңес берулер өткізу

3. Балабақшада жағымды эмоционалды фон құру үшін - жыл сайын «Балабақшадағы психология апталығын» өткізу.

4. Балалардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған балалармен түзету-дамыту сабақтарын өткізу.

5. Педагогтер мен ата-аналар үшін балалармен өзара іс-әрекет бойынша оқыту семинарларын, мастер-кластар өткізу.

6. Дұрыс ұйымдастырылған еңбек және демалыс режимі-адамның психикалық денсаулығының кепілі!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баева И. А. Психологическая безопасность образовательной среды (Теоретические основы и технологии создания). СПб., 2002.

2. Безопасность образовательной учреждения: учеб.-метод. пособие / под ред. С. О. Филипповой, А. Е. Митина, Т. И. Рогачевой. СПб., 2014.

Абильдина С. Н., Есенова Т. К ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЕЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

В статье рассматривается проблема психологической безопасности детей в образовательной среде дошкольной организации. Также раскрыто значение понятий

образовательная среда, психологическая безопасность, психологическая безопасность образовательной среды. Изучены риски психологической безопасности в дошкольных организациях и методы их диагностики.

Abildina S. N., Esenova T. K
**PSYCHOLOGICAL SAFETY OF CHILDREN IN THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT
OF A PRESCHOOL ORGANIZATION**

The article deals with the problem of psychological safety of children in the educational environment of a preschool organization. The meaning of the concepts of educational environment, psychological safety, psychological safety of the educational environment is also revealed. The risks of psychological safety in preschool organizations and methods of their diagnosis have been studied.

UDC 372.881.111.1

Abilkassimova Gulzam
candidate of Pedagogical Sciences,
Associate Professor at «Bolashaq» Academy,
Professor of the Russian Academy of Natural Sciences,
Academician of International Academy of Informatization
Karaganda, Kazakhstan
(Botam_@mail.ru)
Kenzhabekova F.D.
master's student at Bolashak Academy
Karaganda, Kazakhstan
(kenzhabekova02@bk.ru)

**USING THE PADLET INTERACTIVE WHITEBOARD IN THE PROCESS OF TEACHING
ENGLISH TO SCHOOLCHILDREN**

The article discusses the interactive whiteboard Padlet as one of the modern tools for teaching English. This multimodal production mechanism is simple, that is, it is capable of learning and learning maintenance. The authors demonstrated the effectiveness of using Padlet to improve students' English language learning. The article recommends it as a means of establishing a high level of student motivation in the learning process, providing students with a large amount of ready-made and properly organized knowledge, and developing their intellectual and constructive abilities.

The modification taking place in society require the improvement of the field of education, the definition of condition, social and personal needs and educational goals. In this regard, currently an important goal of educational institutions is not only the formation of students' knowledge, but also the formation of their alacrity and ability to solve life problems, cooperation and work in society, quick learning, self-development and self-improvement through conscious and active development of new social experience. As established by state standards, in order to achieve the goals set for a comprehensive school, it is necessary to format universal educational actions of students.

Recently, the use of interactive forms of learning has played an important role in teaching English. They can be used both for inclusion in a new topic, familiarization with new material, and as a means of intermediate and ultimate assessment. In addition, a virtual whiteboard (online whiteboard) can be actively used in the classroom - it is a tool that allows each student to post their work on the blackboard, and the teacher to comment and evaluate everyone. The teacher can use the board to place educational, methodological, control, measuring and other materials [1].

An important aspect of using online whiteboards in a practical English lesson is the possibility of implementing project work. Students and teachers can use online whiteboards as a space to create and present group and individual projects. According to the definition of L. A. Gorovenko and G. A. Aleka Sanyan, «A virtual whiteboard is an endless interactive online whiteboard on which you can draw, write text, take notes, add images, stickers, as well as dynamic objects, thereby perfectly illustrating and enlivening the transmission of educational material» [2].

Modern web services are one of the platforms and mobile applications that allow you to create interesting lessons taking into account the specifics of the learning environment in the English lesson for the development of methodological developments. One of the undeniable advantages of this platform

is that «filling in» the lesson script with various types of activities based on the use of various didactic materials does not create problems for the teacher, does not take much time.

The web wall can be used by teachers in group or front-line work. This allows you to transform the study of the material: there are opportunities for the exchange of material using video and audio materials, text, educational programs, Internet resources, etc [3].

We can use padlet to cooperate on collecting ideas in English class, brainstorming, and more. Working with the Padlet service in English lessons, it allows you to organize the stages of project technology activities more effectively and efficiently, because:

- allows you to publish files of all formats;
- ability to work in a team;
- the possibility of constant feedback between the teacher and the student;
- the ability not only to save files, but also to display most of them in a convenient built-in viewer that appears above the wall;
- easy to access a simple and short link For editing, for example:
<https://padlet.com/busssia/8aproject1>
- we can create an online board even without registration;
- there is no limit on the number of virtual boards created;
- the ability to work on Android and iOS smartphones [4].

Using multimedia tools in English lessons will help you strengthen your personality-oriented skills in the process of learning a new language. In addition, it provides individualization and differentiation of learning, taking into account the characteristics of students in the process of learning a language, their level of learning, and inclinations. In the process of learning English, in the search for more modern forms and methods of work in order to improve the level of education, interest in learning a new language increases, the use of new technologies for learning English contributes to the effectiveness of learning educational material.

Padlet is a tool for creating web presentations, which is an interactive whiteboard or wall. A teacher or student can do this on their own, developing the main theme by filling in the wall. It can place various audio and video files, images, and documents on the wall. The entire wall consists of several windows made of active and loaded material. Padlet allows you to collect a bulletin board, discussions, arguments, riddles, reviews [5].

Using an interactive whiteboard in an English lesson allows us to save time allocated to the lesson, avoiding traditional taking notes. Students' interest and good pace in learning the language can be ensured by pre-prepared available materials and information. At the end of classes, students have the opportunity to review and reuse the material of the topic and new words.

The use of an interactive whiteboard in English lessons today can compete with electronic educational and methodological complexes, printed publications, and this exceeds the variety of didactic means of presenting language material and the level of motivation of students [6].

Online whiteboards are a very valuable and important resource for learning English, created to facilitate collaboration between teachers and students, as well as to improve the effectiveness of online lessons. There are several types of such boards, and each teacher can choose the most effective and simple board for their classes.

In the process of using the Padlet web tool, the structure of the lesson does not change significantly. In this case, the motivation period increases over time, as it includes cognitive load. This condition is important for successful learning, since the creative activity of students makes sense only if they have an interest in new knowledge and emotions [7].

The use of interactive methods in learning English has a certain impact on the development of the student: increases the motivation of children to learn, improves communication with peers, enriches life experience, activates self-development. In the modern educational sphere, interactive teaching methods are one of the most important categories, since these methods are «a way of purposeful intensive inclusion of the student in educational interaction», in which the main goal is self-motivated self-knowledge, the interaction of spiritual and moral mutual understanding and perception based on specific educational problems is the solution. It opens up the possibility of personal growth of participants in this interaction [8].

When teaching English on the Padlet web wall, we can add photos, files, links to Internet pages, notes corresponding to the topic of the lesson. Students can post any files, photos, videos and links related to the discussion of their thoughts in English on a virtual whiteboard, with which we can create conditions for children to learn the language on their own. The main goal set for teachers in modern times is to form an independent learning, competitive, educated and conscious generation among

students with the systematic use of the materials provided, modern technologies and a virtual whiteboard can help us achieve this goal.

list of used literature:

1. Zimina M.V., Konyukhova E.A. Innovative technologies as a means of increasing students' motivation to learn a foreign language // Noospheric Studies. 2021. – No.2, - P.58-63.
2. Glotova A.V. Online whiteboard as a means of organizing group work of students in foreign language classes at a university in an e-learning environment // Open education. – 2020. – No 4,- P.56- 66.
3. Использование веб-стены Padlet для организации методической работы с педагогами в ДОУ [Электронный ресурс] URL // <https://nsportal.ru/detskiy-sad/upravlenie-dou/2018/01/14/veb-stena-padlet>
4. Использование виртуальной стены Padlet в работе учителя [Электронный ресурс] URL // <https://www.1urok.ru/categories/10/articles/36236>
5. Padlet Virtual Board // new technologies in education/ <https://ru.padlet.com/>
6. Perunova A.V. Interactive whiteboard as a means of increasing motivation in learning foreign languages // Humanitarian scientific research. - 2014. –No.10, - P. 79-81.
7. Saparov M. Didactic purposes of using the padlet online whiteboard in English classes at secondary school // Current problems and current trends in the methodology of teaching foreign languages. – 2022. - No.3, - P. 65-68.
8. Novikova A.A. Media education in English-speaking countries // Pedagogy. – 2001. – No.5, - P. 6–13.

Абилкасімова Г., Кенжабекова Ф.Д.

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ PADLET
ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАСЫН ПАЙДАЛАНУ**

Мақалада Padlet интерактивті тақтасы ағылшын тілін оқытудың заманауи құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл мультимодальды өндіріс қозғалтқышы қарапайым, яғни оқыту мен оқуға техникалық қызмет көрсетуге қабілетті. Авторлар, оқушылардың ағылшын тілінде оқу барысын жетілдіруге Padlet пайдалану тиімділігін көрсеткен. Мақалада оқу үдерісінде оқушылардың мотивациясының жоғары деңгейін бекітуге, оқушыларды көптеген дайын және дұрыс ұйымдастырылған біліммен қамтамасыз етуге, олардың интеллектуалды және конструктивті мүмкіндіктерін дамыту құралы ретінде ұсынылады.

Абилкасімова Г., Кенжабекова Ф.Д.

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНОЙ ДОСКИ PADLET В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЕ
ШКОЛЬНИКОВ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ**

В статье рассматривается интерактивная доска Padlet как один из современных инструментов обучения английскому языку. Этот мультимодальный производственный механизм прост, то есть он способен обучаться и обучать обслуживанию. Авторы показали эффективность использования Padlet для улучшения обучения учащихся английскому языку. В статье рекомендуется как средство установления высокого уровня мотивации учащихся в процессе обучения, предоставления учащимся большого количества готовых и правильно организованных знаний, развития их интеллектуальных и конструктивных способностей.

Абилкасимова Г.

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ресей жаратылыстану академиясының (РЖА) профессоры,
Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының Академигі
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
(Botam_@mail.ru)

Тиштыкова А.Н.

«Bolashaq» Академиясының ББ «Педагогика және психология»
I курс магистранты
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
(tishtykova89@mail.ru)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫ ҚАБЫЛДАУЫН ЖАҚСARTУ ҮШІН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Мақалада оқушылардың оқу ақпаратын қабылдауда мультимедиялық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары туралы қарастырылған. Мультимедиялық технологиялар оқу процесін байытады, білім алушының сезімдік компоненттерінің көпшілігін оқу ақпаратын қабылдау процесіне тарта отырып, оқытуды неғұрлым тиімді етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар білім беру процесін дамыту үшін орасан зор мүмкіндіктер береді. К.Д. Ушинский «Балалар табиғаты көрнекілікті қажет етеді» деп еңбектерінде оқушылардың қабылдауына әсер ететін әдіс-тәсілдер туралы айтып өткен. Қазір бұл сызбалар, кестелер мен суреттер емес, балалар табиғатына жақын технологиялық жаңа ойындар мен ғылыми-танымдық бағдарламалар.

Мультимедиа - бұл түрлі сабақтардағы таным құралы. Мультимедиа оқушылардың оқуға деген мотивациясын, коммуникативтік қабілеттерін дамытуға, белгілі танымдық дағдыларды алуға, нақты білім жинақтауға ықпал етеді, сондай-ақ ақпараттық сауаттылықты дамытуға жағдай жасайды. Мультимедиа технологиялары - бұл көрнекі және аудиоэффектілерді, әртүрлі жағдайларды мультипрограммалауды қамтитын электрондық құжаттарды дайындау тәсілі.

Білім беруде мультимедиялық технологияларды пайдалану технологиялардың таралуына, мультимедиаға қол жетімділігіне, сабақ уақытын неғұрлым ұтымды пайдалануына, білім алушылардың ақпаратты қабылдауын жақсартуында қолданылады. Мультимедиа қосымша құралдарды қосу арқылы оқушыға түсетін ақпараттық жүктемені төмендете отырып, қабылдау процессінің жүйелі дамуына әкеледі.

Мультимедиялық технологияларға тоқталмас бұрын оқушының қабылдау процессінің ерекшеліктерін түсініп алған жөн. Қабылдау дегеніміз - заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері және бөлшектері жиынтығымен қосылып сезім мүшелеріне тікелей әсер ету кезінде бейнеленуі. Қабылдаудың алғы шарты әр түрлі түйсіктермен жүзеге асады. Қабылдау процессі жеке адамның басқа да психикалық процесстері: ой, сөз, сезім, ерікпен байланысты жүзеге асады. Мақсат бағытына, ерік қатысына орай қабылдау екі формаға бөлінеді: ырықсыз (ниеттелмеген, ерік күшімен, алдын ала белгіленген мақсатпен байланыспаған) және ырықты (мақсат бағдарлы). Рецепторлар қызметіне қарай қабылдау көру, есіту және сипай сезу түрлерімен ажыратылады [1].

Қабылдаудың төрт түрі белгілі: сенсорлы (сезімдік) - нысанның сезіммен қабылданып, оның санаға өтуі; перцептивті - нысан мәнін түсіну, оны белгілі категорияға, объекттер тобына жатқызу; оперативті (нақты әрекеттік) - нысанның қандай да тарапын қамтып, қызметке қосу; іс-әрекеттік - қызмет мақсатына орай нысанмен ықпалдас қатынасқа келу. Қабылдау түрлері бейнеленетін нысан ерекшеліктеріне орай өзара топтасуы мүмкін, мысалы, көркем шығарманы, сөзді қабылдау, табиғат әсерлері мен өрнектерін қабылдау және т.б. әдетте, қабылдау қандай да іс-әрекетке қосыла орындалады, дегенмен ол өз алдына да, дербес жүруі мүмкін [2].

Мектептегі білім алу үрдісі бұл - оқушының ұсынылған ақпаратты қабылдау және игеру процесі. Ақпаратты қабылдау және өңдеу сипаттамасына байланысты адамдарды төрт санатқа бөлуге болады:

Визуал - ақпаратты көру арқылы жете қабылдайтын адамдар. Оларды оқыту стилі визуалды.

Аудиал - ақпаратты есту арқылы жете қабылдайтын адамдар. Оларды оқыту стилі аудиал.

Кинестетик - ақпаратты сезім (және т.б. иісі, сенсорлық,) арқылы мен қозғалыстардың көмегімен қабылдайтын адамдар; Оларды оқыту стилі кинестетикалық яғни ұстап немесе сипап сезу, қимыл-қозғалысты.

Дискрет (дигитал) - олар ақпаратты сандар, символдар, логикалық дәлелдерді пайдаланып, логикалық түсіну негізінде қабылдайды. Ақпараттың мазмұнына, мағынасына, қызметіне мән береді. Сөйлеу барысында «зерттелгендей», «қисынды», «білемін», «қызық» деген фразаларды көп қолданады. Бұл санаттағы адамдар өте сирек кездеседі. (әсіресе бастауыш, орта буындарда байқала бермейді).

Баланың ақпаратты қабылдау және өңдеу сипаты мұғалімге не үшін қажет? Сабақ барысында мұғалім қабылдауы мүмкін арналарды пайдалана отырып, балаларға ақпарат бере алады: көру, есту және кинестетикалық арналарын ескеріп жаңа материалды меңгеруге мүмкіндік жасайды [3].

Мұғалім оқушының санатын жақсы білетін болса, ол онымен қарым-қатынас жасауы да оңай болады. Көп мәселелер түсінікті бола бастайды: яғни оқушының іс-әрекет тәртібі, ескерту мен мадақтауды қалай қолданатындығы жөнінде мұғалім өз дағдысын қалыптастыра алады.

Мультимедиялық білім беру ортасы бірқатар мақсаттарды іске асыруға мүмкіндік беретін арнайы ұйымдастырылған білім беру процесі. Бұл процессте өте маңызды рөл оқу процесінде коммуникацияның қалай ұйымдастырылатынына байланысты болып келеді. Бұл іс-әрекеттердің нәтижелі болуы үшін табыстылық деңгейін негіздейтін болжамдар жасау қажет. Олардың ішінде педагогтың жаңа жағдайда заманауи технологиялық ағымдармен жұмыс істеуге дайындығын, мультимедиялық білім беру процесінің барлық қатысушыларының техникалық жабдықталуын қамтамасыз ете алуына, интерактивті өзара іс-қимылдағы ынтымақтастық педагогикасын, сондай-ақ қашықтық деңгейіндегі сандық дағдыларды игере білу қабілеттерін жатқызуға болады.

Е.А.Гончаренконың пікірінше, ресурстар «мультимедиялық емес» ресурстардан мыналармен ерекшеленеді [4]:

1. Мультимедиялық - деректер сандық нысанда сақталады және өңделеді;

2. Олар ақпараттың әртүрлі түрлерін (мәтіндік қана емес, дыбыстық, графикалық, анимациялық, бейне және т.б.) қамтуы мүмкін;

3. Олардың елеулі ерекшелігі интерактивтілік - ресурстың, бағдарламаның, қызмет пен адамның белсенді өзара іс-қимылы, олардың өзара ықпалдасуы болып табылады. Пайдаланушы белгілі бір Интернет-өнімді ала алады, мысалы, оған өзінің материалдарын қосады, осылайша оның тең авторы болады;

4. Гипертекстің болуы.

О.М. Пурясова атап өткендей, мультимедиа:

1. Ақпаратты қабылдау және ұғыну сияқты оқытудың когнитивтік аспектілерін ынталандырады;

2. Оқушылардың оқуға ынтасын арттырады;

3. Білім алушылардың бірлескен жұмыс дағдыларын және ұжымдық танымын дамытады;

4. Оқушылардың оқуға деген неғұрлым терең көзқарасын дамытып, ақпараттарды неғұрлым терең түсінуді қалыптастыруға әкеледі [5].

Жалпы орта білім беруде мультимедияны пайдаланудың артықшылықтары қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- оқу процесінде оқушының бірнеше қабылдау арналарын бір мезгілде пайдалану;

- мектепте жүргізу қиын немесе мүмкін емес күрделі, қымбат немесе қауіпті нақты эксперименттерді модельдеу мүмкіндігі;

- процестерді динамикалық ұсыну есебінен абстракттілі ақпаратты визуализациялау;

- микро және макроәлемнің объектілері мен процестерін визуализациялау;

- оқитын материалды кең ауқымды оқу, қоғамдық-тарихи контекст және оқу материалын оқушылардың интерпретациясымен байланыстыру.

Мультимедиялық технологиялары бар білім беру құралдарын табысты іске асыру үшін, сондай-ақ білім алушылардың оқу-танымдық қызметін барынша ұйымдастыру мақсатында білім беру ортасының мынадай маңызды компоненттерін пайдалану қажет:

1. Оқу материалын қабылдау қиынға соққанда немесе ол қызығушылық тудырмайтын кезде зейін аудару. Кез келген басқа ақпарат сияқты осы ақпараттың үлкен көлемін пайдалану кезінде зейін жойылады. Оқушының зейінін бір нысанға аудару үшін және ол оны жоғалтпау үшін сабақ мазмұнында мультимедиа көп, материал аз болуы қажет.

2. Интерактивтілік. Мультимедиялық білім беру ресурсын білім беру компоненттерінің өзара іс-қимылының үшінші қатысушысына жатқызуға болады, өйткені ол жаңа білім алу бөлімінде қолданылады. Оқушының сабақты жақсы түсінуі үшін өзінің зияткерлік қабілеттілігін

сезіне алатын орта құру маңызды. Интерактивтілік, шын мәнінде, талап ретінде немесе жауап ретінде немесе қарым-қатынас ортасын құру ретінде кері байланыс жасауда қолданылады.

3. Қол жетімділік. Мультимедиялық әдіс-тәсілдер визуалды, дыбыстық және графикалық материалдарды қосумен еркін пайдалануымен ерекшеленеді.

4. Уақыт. Біздің әлемдегі барлық жағдай уақытқа байланысты болғандықтан, оқу ақпаратын мультимедиялық құралдарды пайдалану уақытты үнемдеу үшін тиімді.

5. Қысқа мазмұндылық. Оқушылардың зейіні мен қабылдауын, сонымен қатар, сабаққа деген қызығушылығын жоғалтып алмау мақсатында қысқа мазмұнды әрі жылдам, қызықты мультимедиялық құралдарды пайдалана білген жөн [6].

Осылайша, мультимедиялық технологиялар оқу процесін қызықты етіп қана қоймай, білім алушының танымдық компоненттерін оқу ақпаратын қабылдау процесіне тарта отырып, сабақты түсінуді неғұрлым тиімді етуге мүмкіндік береді. Бұл мультимедиялық технологиялардың оқушылардың оқу ақпаратын қабылдауда, білім беру процесін басқаруда мақсатты және нәтижелі қолдануда үлкен маңызға ие екенін білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зайцев В.С. Мультимедийные технологии в образовании: современный дискурс. - Челябинск: Издательство ЗАО «Библиотека А.Миллера», 2018. - 30 с.

2. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы, 1995. - 280 б.

3. Жиренбаева Г.С. Қабылдаудың физиологиялық негіздері // М-олодой ученый. - 2018. - №5.1 (191.1). - С. 40-42. URL: <https://moluch.ru/archive/191/48251/> (дата обращения: 04.03.2024).

4. Гончаренко Е.А. Орта кәсіптік білім берудегі мультимедиялық технологиялар. URL: <https://infourok.ru/statya-multimedijnye-tehnologii-v-srednem-professionalnom-obrazovanii-5417098.html?ysclid=luk0u6g2fp462431104>

5. Пурясова О.М. Использование мультимедийных технологий для улучшения восприятия школьниками учебной информации. <https://infourok.ru/ispolzovanie-multimedijnyih-tehnologiy-dlya-uluchsheniya-vospriyatiya-shkolnikami-uchebnoy-informacii-1893227.html>

6. Катханова, Ю.Ф. Цифровая трансформация в художественном образовании: монография. Уфа: Омега Сайнс, 2021. - 221 с.

Абилкасымова Г., Тиштыкова А.Н.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ ВОСПРИЯТИЯ ИНФОРМАЦИИ УЧАЩИМИСЯ

В статье рассматриваются о преимуществах использования мультимедийных технологий в восприятии учебной информации учащимися. Мультимедийные технологии обогащают учебный процесс, позволяют сделать обучение более эффективным, вовлекая большинство чувственных компонентов обучающегося в процесс восприятия учебной информации.

Abilkassimova G., Tishtykova A.N.

USING MULTIMEDIA TECHNOLOGIES TO IMPROVE STUDENTS' PERCEPTION OF INFORMATION

The article talks about the advantages of using multimedia technologies in teaching students. Multimedia technologies enrich the learning process, involve a large number of sensory components of the student in the process of obtaining educational information, and make learning more effective.

Азанбаева Ж.М.
№ 23 ЖББМ, бастауыш сынып мұғалімі КММ
Манас Р.Т.
Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицей КММ
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
yandar40@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚУЛЫҚ МӘТІНДЕРІ АРҚЫЛЫ ДАМУЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бүгінгі күні білім беру үдерісі бастауыш мектептен бастап, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуге арналған. Бұл міндет баламалы білім беру бағдарламаларында, қазіргі заманғы мектептегі заманауи үдерісте де көрініс табады. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын оқулық мәтіндері арқылы дамуының мүмкіндіктері талқыланады. Білім беру жүйесіне сәйкес оқыту үдерісін жетілдіруге ықпал ететін бастауыш сыныптағы оқулық мәтіндері арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдары қарастырылған.

Қазіргі таңда білім беру аясында жаңа үдерістерге байланысты Қазақстанда нәтижеге бағдарланған бастауыш білім беру моделін құруды жүзеге асыру талап етілуде. Білім беру саясаты аясында нәтижеге бағдарланған білім моделін құру, білім сапасын анықтау, мониторинг жүйесі, білім стандарты, тұжырымдама жасаудың теориялық - әдіснамалық негіздерін бірқатар ғалымдар тереңнен пайымдайды.

Білім берудің мазмұнын білім, білік, дағды - машықтан нәтижеге бағытталған білім беру парадигмасына ауысу мазмұнына қарай (нәтижеге бағдарланған білім беру) бірқатар өзгерістерге алып келді. Білім беру мақсаты – білім беру формасы мен әдістері, білім берудің мазмұны – оқытудың тәсілдері мен құралдары ретінде қарастырылады. Енді «нені оқыту» сұрнағының орнына «қалай оқыту» деген сұрақ негізгі болып табылады. Осы орайда, компетенттілік – бұл барлық білім, білік, дағды мен іс - әрекеттердің жиынтығы. Кез – келген жағдайда оқушының білімін, дағды – біліктерін жүзеге асыра алуы және мәселелерді шешу үшін адамның өзінің іс – тәжірибесінің болуы деп түйіндейміз.

Оқулықта қамтылған нақты тапсырмалар негізгі мазмұнның мәнін түсінуге көмектеседі. Дамытуға бағытталған тапсырмалар талдау, құрау, салыстыру дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Бөлім, тарау шеңберіндегі тапсырмалар арасындағы бағыныңқылы байланыс бар, олар дыбыс, әріп, мәтін, сөз тіркесі, сөйлем және сөйлем мүшелері, сөз, сөз таптары жөніндегі білімдерді жүйелі, байланыстыра меңгертуден байқалады.

Оқулық теориясын зерттеуші ғалымдардың барлығы дерлік, мәтінді оқулықтың басты алғашқы құрамдас бөлігі – оқушылардың меңгеруіне арналған білім мазмұны, негізгі ақпаратты тасымалдаушы ретінде қарастырады.

Мәтін – оқулықтың құрылымдық иерархиясының ең шыңына жақын орналасқан жалпы моделінің басты сөздік жүйесі, «басты құрлымы» болып табылады. Оның мазмұнын ашып көрсете отырып, бағдарламаға сәйкес оқу материалының бірізділігін, барынша толық баяндауды және оқу материалының дәлелдігін қамтамасыз етеді; мәтін – оқушыларға меңгеруге тиісті білім мазмұнының көлемі мен мәнін анықтайтын, ақпаратты негізгі тасымалдаушысы. Оқулықтың сапасы оқушының ең алдымен оның мәнін қабылдауымен тығыз байланысты. Мәтін арқылы оқу материалы баяндалады. Білім жүйесі ашып көрсетіледі. «Білімділік және тәрбиелілік жағынан ең маңызды тиянақты іріктеу» жетекші принципі жүзеге асырылады. Егер де оқулық бағдарламада белгіленген білім мазмұнын жүзеге асыру жұмысын атқарса, онда оқулық мәтіні осы жұмыстың ең аз дегенде жоспары мен негізін қалайды. Оқулықтың сапалылығы мәтін сапасымен тығыз байланысты.

Мәтін оқулық құрылымындағы басты элемент, негізгі ақпаратты тасымалдаушы, білім мазмұнының көлемі мен мәнін анықтайды, пән бағдарламасына сәйкес оқу материалын толық әрі дәйектілікпен баяндайды. Мәтін сөздерден, сөйлемдерден, абзацтардан, үзінділерден, тақырыптардан, бөлім, тараулардан тұрады. Олай болса, оқулық мәтіні осы жеке бөлшектері өзара әрекетте, өзара байланыста болады. Мәтінді түсіну осы мәтіндегі байланыстың сипатына байланысты.

Оқулық тілі – оның басты көрсеткіштерінің бірі. Оқу материалын түсінікті, дәйектілікпен баяндау тиімді екені негізделеді. Оқулық мәтінін жазуда кемшіліктерге жол бермеу үшін: онда

4. Ярушева О.А. Технология развития критического мышления на уроках литературного чтения /О.А. Ярушева /Молодой ученый. - Казань: Молодой ученый, 2020. - 220с.
5. Методические рекомендации в помощь учителям в условиях перехода на обновленное содержание образования – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. - 40 с.
6. Заир-Бек С.И. Развитие критического мышления на уроке. Пособие для учителей общеобразоват. / под ред. И. В. Муштавинской. - М.: Просвещение, 2017. - 223 с.

Асылбекова К.М., Оспанова М.К.

ОРЫС ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫН ОЙЛАУДЫ ДАМУҒА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАҢУ

Бұл мақалада білім беру үдерісіне қатысушылардың шығармашылық ынтымақтастығына негізделген, оқушылардың кез келген материалға аналитикалық көзқарасын дамытуға негізделген сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қарастырылады. Бұл технология материалды

есте сақтауға арналған емес, мәселе қойып, оның шешімін табуға арналған. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған білім беру технологиясының ерекшеліктері ашылып, орыс тілі сабақтарында осы технологияны қолдану арқылы жұмыстың әртүрлі формалары қарастырылады.

Asylbekova K.M., Ospanova M.K.
**USING TECHNOLOGY FOR DEVELOPING CRITICAL THINKING IN RUSSIAN
LANGUAGE LESSONS**

This article discusses the technology of critical thinking, based on the creative cooperation of participants in the educational process, on the development of students' analytical approach to any material. This technology is not designed for memorizing material, but for posing a problem and finding its solution. The specifics of educational technology for the development of critical thinking are revealed, various forms of work using this technology in Russian language lessons are considered.

УДК 1751.81-139

Atazhanova D.B., Asanova A.K.
Student of the Arkalyk Pedagogical institute named after
Y.Altynsarin
Arkalyk, Republic of Kazakhstan

**THE ROLE OF GAMING ACTIVITY
IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES AT SCHOOL**

In this article, we have examined the role that the use of games plays in the process of teaching foreign languages at school. Definitions of the concept of "game" by different methodologists are given. The article describes various types and forms of games used in English lessons at school, identifies goals, functions, lists the factors influencing the conduct of the game and highlights methodological aspects. It is noted that the game is an integral part in the process of learning a foreign language at the initial stage.

The problem of finding effective methods and techniques for learning to communicate in a foreign language is relevant to this day. Effective personal development of students is possible if the educational activity has an emotional connotation. It is considered that the motivation of learning and the creation of interest in the student is of great importance in the organization of the educational process. Thus, the most powerful motivating factors in the process under consideration are learning techniques that satisfy the need students in the variety of exercises they perform and the novelty of the material being studied. The use of various non-standard techniques contributes to the consolidation of linguistic phenomena in short-term and long-term memory, the creation of more stable visual and auditory images, the formation of new neural connections, as well as maintaining the interest and activity of students. The urgency of this problem is caused by the following factors. First, the in-depth learning process sets itself the task of finding means of maintaining students' interest in the subject and engagement throughout the lesson. Educational games are an effective means of solving this problem. Secondly, one of the most important problems of teaching English is learning to speak. It is speaking that is an integral part in the process of learning a foreign language. Its main goal is to create conditions for the disclosure of the communicative function of language and bring the learning process closer to real conditions, which increases motivation to learn a foreign language. If the conditions for the speaking process are uncomfortable or unfavorable, then the student has difficulties. The involvement of students in oral communication is greatly helped by play activities. That is why an increasing number of teachers prefer the so-called active teaching methods, the main of which is the game [1, p 46-48].

There are many definitions of the game. According to M. F. Stronin, "a game is a type of activity in situations aimed at recreating and assimilating social experience in which self-management behavior develops and improves." According to M. Y. Kurbatova, "the game easily fits into the lesson and gives students pleasure. Games for children at primary school age are very important." V. A. Sukhomlinsky said: "

There is no full-fledged mental development without a game. The game is a huge bright place a window through which a life-giving stream of ideas and concepts flows into the spiritual world of a child. The game is a spark that ignites the flame of inquisitiveness and curiosity" [4, p. 178]. Therefore,

the game method of teaching is an interesting and effective method in organizing educational activities at the first stage of language learning.

E. I. Passov identifies the following goals of using the game during the educational process:

- formation of skills;
- development of speech skills;
- ability to communicate;
- development of necessary abilities and mental functions;
- memorization of speech material.

It is worth noting that the gameplay has a number of functions:

- Educational – creates the opportunity to repeat the learned material in situations close to real conditions. So, the child will be able to learn to express his thoughts in a foreign language, and, more importantly, he will not be afraid to use the acquired knowledge in the future – in the present conditions;

- Motivational, emotional – helps to arouse a child's desire and interest in learning a foreign language. The child will attend foreign language lessons are fun, quickly included in the educational process, which will speed up the assimilation of the material;

- Educative– if the game is well thought out, then the student can develop and strengthen a sense of responsibility, flexibility, independence and the ability to work in a team.

The use of games in foreign language lessons helps the teacher to reveal more deeply the personal potential of each student, his positive qualities (hard work, activity, ability to work in cooperation, initiative, independence, etc.), to preserve and strengthen the educational motivation. In addition, thanks to the game, lexical and

grammatical material is being activated, pronunciation is being perfectly practiced, and listening and speaking skills are being developed. This method helps, among other things, to improve the student's creative and thinking abilities. "All this is due to the fact that a decision is supposed to be made in the gameplay: what to do, what to do and how to answer, how to win. The feeling of equality and the atmosphere that engages in the process enable the children to overcome shyness, stiffness and remove the language barrier" [2, p. 183]. Games, in turn, are different, perform different functions and have their own directions. M. F. Stronin divides games into the following categories:

- Lexical – games that promote the memorization of new words, their high-quality memorization and use in situations close to real conditions;
- Grammatical – games that help the child to better assimilate speech patterns and use them correctly;

- Phonetic – games that contribute to the formation of pronouncing skills and practicing intonation. Over time, phonetic games are conducted at the level of words, sentences, rhymes, tongue twisters, poems, songs;

- Spelling games for learning the correct spelling of words in English;

- Creative games develop speech skills and abilities. In this case, bright and colored materials are good helpers, cards, toys, figurines, posters, pictures and so on. They train the child's imagination, create a love of creativity and help to better master information."

From the point of view of psychology, lexical games are the best way to present and learn vocabulary for children studying in elementary school. "With the help of lexical games, two problems can be solved:

- to cause students to need new words;
- to give them these words in an easy-to-use form" [1, p. 47].

Grammar games, in turn, are an effective way of working in the formation of grammatical skills. The ability to play is expressed in the fact that students easily accept an imaginary situation. This allows us to use fairy-tale story games in the lessons for effective introduction, consolidation and activation of grammatical material. Each of these categories plays an important role in the process of learning

English. It is best to use them in a complex, alternating them with each other. Thus, such a mechanism will contribute to a more effective memorization, repetition, consolidation and assimilation of information. The fascinating side of the gameplay, in turn, will give an emotional coloring, fascination, which will entail an increase in motivation to learn a foreign language and activation of the child's mental processes. Thanks to all this, the assimilated material will remain in the student's memory for a long time. Another category that is relevant today is role-playing, which is becoming more popular among foreign language teachers, as it has great learning opportunities.

1. "Role-playing can be regarded as the most accurate model of communication. After all, it involves imitation of reality in its most essential features.

2. Role-playing involves strengthening personal involvement in everything that is happening. The student enters the situation, although not through this "I", but through the "I" of the corresponding role.

3. Role-playing contributes to the formation of educational cooperation and partnership.

4. Role-playing has an educational value" [3, p. 66].

Thus, the game gives educational communication a communicative orientation strengthens interest in learning a foreign language and significantly improves the quality of mastering it. There are many factors that affect the conduct of the game with students that should be taken into account: the atmosphere, the right time, the rules of the game itself, the required number of participants, age matching, the necessary knowledge base, and so on. Therefore, it is important to highlight the methodological aspects of the games:

A preparatory stage should be carried out (to make sure that children have the necessary knowledge base (vocabulary and grammar) and skills for this game);

- The game must match the age of the participants and be understandable;
- The teacher himself must, first of all, believe in the effectiveness and usefulness of the game;
- The game should be productive and make the student want to complete the task as best as possible;
- The teacher must make sure that the game is accepted positively by the whole group;
- It should be held in a creative and favorable atmosphere;
- In the game, it is advisable to use visibility and, if necessary, gestures and emotions to bring excitement to the process.

In conclusion, it is worth noting that the game is an integral part in the process of learning a foreign language at the initial stage. It helps to present information to students in an unobtrusive and fascinating way, make the educational process more exciting, and deeply interest students in this subject, especially in the first years of study. The presence of a language barrier among students is sometimes a real problem. The game, with its ease and friendly atmosphere, helps to remove them and allows the child not to get upset because of mistakes, gives a greater sense of confidence and freedom. The game makes it easier for both the teacher and the students to learn, without forming an image in them that English is boring and uninteresting, but, on the contrary, helps to involve, motivate, develop, educate, inspire and open up new opportunities.

References:

1. Kazimirova S. N. *The game form in teaching a foreign language // Philology and linguistics. 2017. No. 1. pp. 46-48.*
2. Konyshcheva A.V. *The game in teaching a foreign language. Theory and practice M. : TetraSystems, 2015. 288 p.*
3. Satyukova A. A., Fomin M. V. *Modern classification of games (based on the theory of M. F. Stronin) // Young Scientist. 2016. No. 7. pp. 65-71.*
4. Elkonin D. B. *Psychology of the game. M. : Direct Media, 2008. 703 p*

Атажанова Д.Б., Асанова А.К.

МЕКТЕПТЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ӘРЕКЕТІНІҢ РӨЛІ

Бұл мақалада біз мектепте шет тілдерін оқыту процесінде ойындарды қолданудың рөлін қарастырдық. “Ойын” ұғымының анықтамалары әртүрлі әдіскерлермен берілген. Мақалада мектептегі ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын ойындардың әртүрлі түрлері мен формалары сипатталған, мақсаттары, функциялары анықталған, ойынға әсер ететін факторлар келтірілген және әдістемелік аспектілері көрсетілген. Ойын бастапқы кезеңде шет тілін үйрену процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Атажанова Д.Б., Асанова А.К.

РОЛЬ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ В ШКОЛЕ

В данной статье мы рассмотрели роль, которую играет использование игр в процессе преподавания иностранных языков в школе. Приведены определения понятия “игра” разными методистами. В статье описаны различные виды и формы игр, используемые на уроках английского языка в школе, определены цели, функции, перечислены факторы, влияющие на проведение игры, и освещены методические аспекты. Отмечается, что игра является неотъемлемой частью процесса изучения иностранного языка на начальном этапе.

Аткеева А.О., Абильдаева К.К.

Хасен Сәрінжіпұлы атындағы ЖББМ бастауыш сынып мұғалімі, Шет ауданы, Қарағанды облысы, Қазақстан Республикасы

Каримова Н.Б.

Ж.Ташенев атындағы ЖББМ, бастауыш сынып мұғалімі, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада көшбасшы ұғымы, бастауыш сынып оқушыларында көшбасшылық қасиеттерді дамыту жолдары, көшбасшылардың бірнеше жеке ерекшеліктері, бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық стильдері қарастырылған.

Бүгінгі таңда қоғам күрделі сынақтарға ұшыраған кезде болашақты болжайтын, өз идеяларымен жобаларына қызығушылықты оята алатын, жаңа әлеуметтік қатынастарға дайын ғана адамдар елді дағдарыстан шығара алады. Осыған байланысты Қазақстан мемлекетінің одан әрі дамуы ерекше ойлау қабілеті, шығармашылық қиялы, көшбасшылық қасиеттері, демократиялық мәдениеті бар, экономикалық, саясаттану және мәдениеттану тәртібінің міндеттерін шешуде өзіне жауапкершілік алуға қабілетті адамдарға байланысты.

Елдегі инновациялар процесін мақсатты басқаруды тек көшбасшылар ғана қабылдай алады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы біздің мемлекетіміздің одан әрі дамуын қамтамасыз ететін қоғамдағы заманауи қарым-қатынас процестерін басқаруға дайын, қазіргі жастар арасында көшбасшылықты тәрбиелеуді көздейді. Осыған байланысты бүгін де өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың белсенді тұлғасын дамыту, оның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Көшбасшы (ағылшынша leader – басқарушы деген мағына білдіреді) – бұл басқа адамдарды, олардың алғашқы ниеті қандай болғанына қарамастан, өзі қалаған нәрсені жасауға көндіре алатын адам болып табылады, сонымен қатар топтағы адамдардың қасиеттері мен қабілеттерін қолдана отырып, оларды көшбасшы мақсатын іске асыруға бағыттай алады.

Көшбасшы - бұл белгілі бір жағдайда топтық тапсырмаларды орындау үшін басқаларға қарағанда үлкен жауапкершілік алатын адам. Бір жас тобына баратын оқушылардың арасында басқаларға қарағанда әрқашан ойындар мен оқу-енбек, және басқа да іс-әрекеттерді жақсы ұйымдастыра алатын оқушылардың даралық ерекшеліктері көзге түседі. Мұндай жағдайларда олар топ ішінде үлкен беделге ие және әрқашан көшбасшы ретінде таңдалады.

Бастауыш сыныптағы көшбасшы - бұл, ең алдымен, сыртқы жағдайды өзгерте алатын және басқалардың қызметін үйлестіре алатын, оларды ұйымдастырып, басқара алатын белсенді тұлға.

Бастауыш сынып оқушыларында көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін мұғалімдер көрсетілген үлгіні қайталауға негізделген көшбасшылық мінез-құлықты жаттықтыру үшін ойын, спорт, рөлдік және көркем-эстетикалық әрекеттерді қолданады.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз көшбасшылардың бірнеше жеке ерекшеліктерін анықтадық. Оларды былай топтастыруға болады:

Атқарушы: топтағы ең көрнекті оқушы, ол бәрін ережеге сай орындайды және басқа оқушылардың да бәрінің дұрыс жасайтындығына көзін жеткізеді. Мысалы, ойын әрекеті процесінде орындаушы оқушы ойынның барлық ережелерінің сақталуын қадағалайды.

Ұйымдастырушы: оқушы кімнің қандай рөл атқаратынын, қай жерде ненің тұратындығын алдын-ала бөледі. Ол тіпті ұйымдастырушы ретінде де оқушыларды немесе ересектерді қызықты ойынға қатыстыра алады.

Интеллектуал: шығармашылық жұмыс жасағанды ұнататын оқушы. Әдетте мұндай оқушылар ойынға арналған әр түрлі жабдықтармен түрлендіріп безендіреді, олар сурет салғанды, дизайн жасағанды ұнатады. Өзімен бірге басқа оқушыларды да қызықтыруы мүмкін.

Сыншы: бұл оқушы айналасына сын көзбен қарайды. Өте эмоционалды, егер оқушылардың арасында келіспеушілік болса, оларды татуластырады.

Сонымен, оқушылардың көшбасшылық сипаттамаларын талдау бізге бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық стильдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Харизматик:

- мәнерлі мимика, шешендік пен қиял;
- қарым-қатынаста көңілді және қызықты;
- бағынышты

Демократ:

- ұжымның көңіл-күйіне жауап береді;
- әлеуетті бәсекелестермен қақтығыстарды баса алуға қабілетті;
- өзінің маңыздылығымен шаттанбайды;
- жалпы топ мәселелеріне алаңдаушылық білдіреді;
- өз өклеттіліктерінің бір бөлігін алаңсыз басқаларға береді.

Диктатор:

- жалпыға бірдей сүйіспеншілікке ұмтылмайды, ол «қорыққан адам мені құрметтейді» деген қағиданы ұстанады;

- іс-әрекеттер тек өз пайдасына қолжеткізуге бағытталған;
- құрдастарының өмірінің барлық салаларын басқаруға тырысады;
- кім кіммен дос бола алады, кімді ойынға қосу керек т.б. мәселелерді өз бетімен шешеді;
- ұжымда иерархия құрып ең тәуелді оқушыларды өзіне жақындатады.

Анархист:


- ешкімді ештеңеге мәжбүрлемейді;
- белгіленген ережелерді бұзады, қалған оқушылар да соны көріп жасайды;
- не болғанын талдауға алаңдамайды;
- ол көңілді және шулы өмірді ұнатады;
- ол зеріксе бірден келесі шоууды ұсынады;
- креативті;
- қуатты;
- әр түрлі эксперименттерге бейімді;
- эксперимент объектілері, әдетте, басқа оқушылар болады;
- ол тек процеске қызығушылық танытады, ал оның әрекеттерінің салдары туралы ойламайды;

Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру және оқушыларды дамыту бойынша сабақтар жүйесі мен түрлі ойындар, жаттығулар өткізгеннен кейін оқушылардың 35% -ы белсенді бола бастады.

Бастауыш сынып оқушыларының өзара қарым-қатынастарын дамытудың жиынтық кестесі (анықтау және бақылау кезеңі)

Көрсеткіштер	Қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс		Көшбасшылыққа ұмтылу		Қақтығыстар, агрессивтілік		Жалғыздықты қалау	
	Дейін	Кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
Зерттеу тобы	30%	48%	16%	29%	27%	10%	27%	13%

Диаграмма бойынша осы диагностиканың өзгеру динамикасын қарастырайық:



3 - сынып оқушыларының өзара қарым-қатынастарын дамытудың жиынтық диаграммасы

Демек, егер біз мектептің оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін қимылды, рөлдік, квест, командалық ойындарды қолдана отырып, арнайы сабақтар кешені қолданылса, бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда оң динамика болады деген болжамның әділдігін растаймыз. Зерттеу барысында алынған мәліметтер бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық көріністерінің едәуір жоғарылағанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қуаншалиева М.Т. Шығармашылықпен жұмыс жасай алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыру //12 жылдық білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру: Облыстық ғылыми-тәжірибелік семинардың материалдары, 2012. - Б.183-185

2. Успанова, З.У. Өзін-өзі бағалау және «Мен»-тұжырымдамасы пәні бойынша Әдістемелік әзірлеме. - Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2009. - 175 б.

Аткеева А.О., Абильдаева К.К., Каримова Н.Б.

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

В статье рассматривается понятие лидера, пути развития лидерских качеств у младших школьников, несколько личностных особенностей лидеров, стили лидерства младших школьников.

Atkeeva A.O., Abildaeva K.K., Karimova N.B.

FORMATION OF LEADERSHIP QUALITIES OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

The article examines the concept of a leader, the ways of developing leadership qualities in younger schoolchildren, several personal characteristics of leaders, leadership styles of younger schoolchildren.

Ахметова Ж.К.

Zhanara-37-37@mail.ru

КГУ «ОСШ№ 87 города Караганды»
Караганда, Республика Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ

В данной статье рассматриваются особенности применения интерактивных средств обучения, преимущества интерактивного обучения, а также возможности его применения в образовательном процессе.

В современной системе образования используется новый термин «активные формы и интерактивные методы обучения», он объединяет группу педагогических технологий, достигающих повышенной активности учебной деятельности учащихся. Сейчас возникла острая потребность в новых педагогических технологиях, которые обеспечивают самое главное в образовательном процессе – развитие личности каждого ребенка, его активности. Каждому педагогу необходимо создавать и использовать такие условия обучения, чтобы учащийся стремился получить новые результаты своей работы и в дальнейшем применять их в практической деятельности. На сегодняшний день мы не можем не задумываться над тем, что ожидает наших учеников. Но можно с уверенностью сказать, что будущее потребует от них большого запаса знаний не только по выбранной специальности, но и в области современных технологий.

Современные учебники, пособия для учителей позволят при качественной подготовке построить урок так, чтобы целенаправленно развивать у учащихся их мышление, память, внимание и другие виды познавательной деятельности.

Современный урок должен формировать не только глубокие и прочные знания, но и способствовать развитию умения использовать их в различных ситуациях, самостоятельно добывать знания, формировать опыт решения проблем. Перед каждым учителем сейчас остро стоит вопрос о развитии у учащихся интеллектуальных, физических, эмоционально-волевых, познавательных умений. Следуя высказыванию Л.Н. Толстого можно отметить следующее: «Урок нужно построить таким образом, чтобы дети с нетерпением ждали следующего занятия, то есть были вовлечены в учебный процесс».

Инновационное обучение — это не только способ избежать негативного отношения к учебе, оно подразумевает и развитие в новых условиях. По сравнению с традиционными формами ведения занятий, в интерактивном обучении меняется воздействие преподавателя и обучаемого: активность педагога уступает место активности обучаемых, а задачей педагога становится создание условий для их инициативы. Интерактивное обучение – диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие учителя и ученика. Суть интерактивного обучения состоит в том, что учебный процесс в условиях постоянного, активного взаимодействия всех учащихся базируется на сотрудничестве, взаимообучения: учитель-ученик, ученик-учитель. При этом учитель и ученик – равноправные, равнозначные субъекты обучения. Интерактивное взаимодействие исключает доминирование одного учебного процесса над другим. Во время такого общения ученики учатся быть демократичными, общаться с другими людьми, критически мыслить, принимать обоснованные решения.

Интерактивные методы позволяют создавать учебную среду, в которой теория и практика усваиваются одновременно, а это дает возможность ученикам формировать характер, развивать мировоззрение, логическое мышление, связную речь, формировать критическое мышление, позволяет формировать у учеников положительную мотивацию к изучению предмета, осознания значимости осваиваемой науки в практической деятельности. При этом учебно-воспитательный процесс организуется так, что ученики ищут связь между новыми и уже полученными знаниями, принимают альтернативные решения, формируют свои собственные идеи и мысли с помощью различных средств, учатся общаться и работать в группе.

Исходя из сказанного, можно утверждать о необходимости инновационных технологий в учебном процессе. Реформы в области образования, происходящие в нашей республике, наряду с разработкой новых учебников и учебных пособий, вызвали потребность и в изменении методики преподавания.

В современной педагогической практике разработаны и применяются несколько десятков новых стратегий, методов и приемов обучения, в том числе интерактивных. Современный педагог, независимо от преподаваемого предмета или учебной дисциплины, должен владеть необходимым арсеналом интерактивных методов обучения и уметь использовать их в учебном процессе.

Интерактивное обучение повышает мотивацию участников в решении обсуждаемых проблем, что дает толчок к последующей поисковой активности участников, побуждает их к конкретным действиям. Думаю, не может не впечатлять, что в интерактивном обучении каждый успешен, каждый вносит свой вклад в общий результат групповой работы, процесс обучения становится более осмысленным и увлекательным. Кроме того, интерактивное обучение формирует мыслить неординарно, по своему видеть проблемную ситуацию, выход из нее; обосновывать свои позиции, свои жизненные ценности, развивает такие черты, как умение выслушивать иную точку зрения, умение сотрудничать.

Занятия, построенные в интерактивном режиме, вызывают заметный интерес у учащихся, прежде всего, потому, что нарушают привычный и несколько надоевший порядок работы на уроке, позволяют каждому побыть не в роли пассивного слушателя, а в роли активного участника, организатора учебного процесса. В традиционной системе не учитель обычно опирается на сильного ученика, ведь он быстрее «схватывает» материал, быстрее его запоминает, а слабый «отсиживается» на уроке. Уроки, проведенные в интерактивном режиме, позволяют включить всех учащихся в активную работу, обеспечить каждому учащемуся посильное участие в решении проблем, в результате слабые обретают некоторую уверенность в собственных силах, сильные ощущают пользу, помогая другим понять материал. При таком обучении формируются и развиваются такие качества, как самостоятельность, ответственность за принятие решений; познавательная, творческая, коммуникативная, личностная активность учащихся, определяющие поведенческие качества компетентного работника на рынке труда и способствующие социализации личности.

Дети- это будущие взрослые и любой детский коллектив- это модель будущего общества. Обучая сегодня детей сотрудничеству, умению владеть собой в критических ситуациях, умению цивилизованно отстаивать свою точку зрения. Раньше педагог был основным источником знаний для учащихся, их передатчиком, транслятором. Эта функция сохраняется и поныне, но она уже отходит на второй план, так как имеется в наличии огромное информационное пространство. Сейчас наиболее актуальной становится педагогика сотрудничества, где преподавателю отводятся функции консультанта в поиске нужной информации. Такие задачи стоят сегодня перед казахстанской системой образования. Целью инновационной деятельности является качественное изменение личности учащегося по сравнению с традиционной системой. Развитие умения мотивировать действия, самостоятельно ориентироваться в получаемой информации, формирование творческого нешаблонного мышления, развитие детей за счет максимального раскрытия их природных способностей, используя новейшие достижения науки и практики, - основные цели инновационной деятельности.

Список использованной литературы:

1. Алешина И. В. Использование интерактивных методов обучения на уроках русского языка // Молодой ученый. – 2017г.
2. Информационно-методический журнал «Педагогический диалог». Учредитель и издатель: Центр педагогического мастерства
3. <http://www.openlesson.ru/> - ОТКРЫТЫЙ УРОК- о режиссуре нескучных уроков в современной школе, премудростях социо-игрового стиля обучения.

Ахметова Ж.К.

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Бұл мақалада оқытудың интерактивті құралдарын қолдану ерекшеліктері, интерактивті оқытудың артықшылықтары, сондай-ақ оны білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.

Akhmetova J.K.

THE USE OF INTERACTIVE LEARNING METHODS AS A MEANS OF FORMING KEY COMPETENCIES

This article discusses the features of the use of interactive learning tools, the advantages of interactive learning, as well as the possibilities of its application in the educational process.

Балганова М.С., Адылбекова Э.Т., Абдиманапова Г.М.

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қаласы,
Қазақстан Республикасы
merrier.85@mail.ru

«ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП» МОДЕЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Мақалада дәстүрлі және онлайн оқытудың үйлесімі ретінде анықталған аралас оқыту мәселесі қарастырылады. «Төңкерілген сынып» моделін оқытуда қолдану білімнің жақсаруына әкеледі деп күтіледі. Сонымен қатар, оны жүзеге асыру үшін білімге қолжетімділікті арттыру, ресурстарды басқару сияқты практикалық себептері атап өтілді.

Барлық салаға кеңінен енген сандық технологияларды оқу үрдісіне енгізу қолданыстағы процесті қайта қарауды талап етеді. ХХІ ғасыр технологияның дамып, өзгерістерге толы ғылым мен білімнің ғасыры екені даусыз. Ғылымның барлық саласында технологиялық революция анық байқалады. Жоғары оқу орындарында болашақ информатика мұғалімдерін дайындау үшін үлкен белес болды. Заман көшіне ілесе алатын болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда өз бетінше білімді меңгере алу, үнемі біліктілігін арттыру, кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру маңыздылығы алға шығып отыр. Білім саласындағы дәстүрлі оқу форматынан онлайн форматқа көшуіне куәгерміз. Барлық білім беру жүйелері, оның ішінде мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін, тіпті жұмыс орындары да компьютерге байланып, қашықтан жұмыс істеуге мәжбүр болды. Жаңа технология заманы болғандықтан, заман ағымынан қалмай түрлі бағдарламаларды, платформаларды меңгеруімізге де тура келді. Бұл барлық мұғалімдер үшін де, болашақ информатика мамандары үшін де кәсіби дайындықты талап етеді. Ол қосымша ізденіп, бағдарламаларды меңгеріп, сабаққа дайындыққа көп уақыт жұмсауды қажет етеді. Бұл зерттеудің мақсаты дәстүрлі оқытумен салыстырғанда аралас оқытудың артықшылығын, білім алуға кететін уақыттың тиімділігін, білім алушылардың қанағаттануын, бағалауын зерттеу болып табылады.

Жалпы жоғары оқу орындарының бағдарламасында білім алушының өз еркімен жұмыс жасау түрлеріне арнайы уақыт бөлінеді. Яғни білім алушының өзіндік жұмыстары, баяндама, реферат, тұсаукесерлік жобалармен ғана шектеліп, аудиториядағы білім алушылар түгел қамтылмай жатады. Білім алушының сабаққа деген ынтасын арттыруға, оған әсер ететін факторларды саралауға, онлайн форматта өтілетін сабақтың түрі мен формасын, өткізу әдістерін түрлендірілуі заңдылық. Бүгінде педагогикалық парадигмаға негізделген білім беру сипатынан ауытқып, интернеттегі шексіз ақпараттарды кеңінен қолданатын білім алушыларға білім сапасын арттыру мақсатында жаңа оқыту тәсілдерін қолдану қажеттігі туындады. Білім алушыларды толық қамту мақсатында білім алудың жаңаша форматтарына сұраныс артты. Соның ішінде аралас оқыту әдісі - білім беру саласындағы инновациялық оқыту әдісінің бірі. Аралас оқыту дегеніміз – мұғалімнің қатысуымен және онлайн оқытуды біріктіретін білім беру тәсілі. Аралас оқыту әдісіне көптеген анықтамалар беріледі. Өз еңбегінде Graham аралас оқыту жүйесі бетпелбет оқыту мен компьютерлік оқытудың бірігуі деп көрсетеді. Русскихтың зерттеуінде аралас оқытуды аудиториялық оқытудың цифрлық элементтермен бірге үйлесуі екенін айтады. Білім беруде аралас оқыту модельдерін пайдаланып оқыту мәселесін J.Bersin, I.Mijares, A.G.Samuel, E.Латыпова, O.G.Patrick, A.Фомина, O.Калмыкова, M.Кондакова, т.б. зерттеушілер өз еңбектерінде қарастырады.

Аралас оқыту форматының бірнеше модельдерінің ішінде «Төңкерілген сынып» моделі үлкен танымалдыққа ие. Бұл – сабақтарды бейнетүсірілім арқылы көрсетіп, білім алушылардың білу, түсіну дағдыларын дамыту мақсатында үй тапсырмасы ретінде ұсынылатын педагогикалық әдіс түрі. Ол қашықтан оқыту түрлерінде сандық технология жетістіктерін пайдалана отырып, сапалы білім берудің бір тәсілі ретінде, жиі қолданыс тапқан аралас оқыту форматының ерекше түрі ретінде белгілі.

«Төңкерілген сынып» терминін қазіргі білім беру жүйесіне енгізуге ұсынған А.Сэмс пен Д.Бергман. Төңкерілген оқыту арқылы мұғалім белгіленген сабақ аясында білім алушылардың алған білімін қолдану дағдыларын дамыта алады. Аталған педагогикалық әдіс жаратылыстану пәндерінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдануға және білім алушылардың өз бетінше оқуы үшін жауапкершілікті сезінуіне оң әсерін тигізетінін айтты. «Мұғалімдердің көпшілігі уақыттарын материалды түсіндіруге және білімдерін жеткізуге жұмсайды, ал талдауға, бағалауға

және бірдеңе жасауға үйретуге аз уақыт кетеді. Оқытудың «төңкерілген сынып» моделі білімді жеткізуді білім алушының жеке кеңістігіне жылжытады, ал практикалық дағдыларға көбірек уақыт жұмсалады», - деп түсіндіреді Д.Бергман. Олар 2007 жылы осы әдісті өз сабақтарында қолданып, сол арқылы білім алушылардың қызығушылығын тудырғанына көз жеткізген. Бұл модельдің негізгі идеясы – аудиториядағы сабақтар мен үй тапсырмасын орындау тапсырмаларының орындарын өзгерту болып табылады. Сонымен қатар, теориялық сабақтардың тақырыбы мен сабақтың мақсаты анықталып, зерттеу нысандары мен қажетті бейнематериалдар тізім алдын ала беріледі. Білім алу сапасын көтеру мақсатында білім алушы өзі ізденіп, өз еркімен қажетті білімді оқып, зерттеу жүргізеді.

Brian Bennet «Төңкерілген сынып» әдісі арқылы білім алушыларды ынталандырып, көптеген жетістіктерге жете алады және өз бетінше білім алуына жағдай жасалады деп түсіндіреді. Соңғы жылдарда «төңкерілген сынып» моделін оқыту әдістемесі мен меңгеруге, оны сабақта пайдалануға қызығушылық айтарлықтай өсуде. Бұл модель мұғалімнің материалды дәстүрлі теориялық баяндауға емес, білім алушылармен интерактивті жұмыс жасауға көбірек уақыт бөлуі үшін, оқыту үшін компьютерлік технологияны кез келген уақытта пайдалануды қамтиды. Оқыту мұғалім жасаған бейнероликтер арқылы жүзеге асырылады, оны білім алушылар сабақтан тыс уақытта көреді. Сыныптағы іс-шаралар мен үй тапсырмасын ұйымдастырудың классикалық негізі «төңкерілген» болғандықтан, мұндай көзқарас төңкерілген сынып үлгісі деп аталады. Жалпы, бұрын сыныптық жұмыс үйде мұғалім жасаған бейнеролик арқылы жасалса, бұрын үй тапсырмасы қазір сыныпта орындалады.

XXI ғасырда маңызды дағдыларды меңгерумен қатар білім алушылардың үлгерімін арттыратын білім беру жүйесінің жаңа моделі қажет. Прогрессивті мұғалімдер мен тәрбиешілер ақпараттық технологиялардың білім алушылар өміріндегі шындығы мен таралуын түсінуі керек. «Төңкерілген сынып» моделінің ерекшелігі - оқу ұйымдары онда аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыс орындарын ауыстырады. Осылай бағытталған оқыту әдісі білім алушылардың оқу процесіне қатысу динамикасын жоғарылатады және шығармашылығын дамытады. Білім алушылардың әр тақырыпқа қатысты жинақталған материалмен бірлесіп жұмыс істеуге, сыни ойлау процесі арқылы өз көзқарастарын қорғауға жетелейді [1].

С.Ханды бұл тәсілдің жақтаушылары мен негізін қалаушылардың бірі деп санауға болады. Ол бүкіл әлем бойынша мектеп оқушылары мен білім алушылары пайдалана алатын әртүрлі пәндер бойынша қысқаша бейне дәрістері бар ресурс жасады. Ханның бүкіл идеясы негізделген қысқаша дәрісті қашықтықтан қарау принципі «төңкерілген сыныптың» негізінде жатыр. Мұғалім тақырыпты алдын ала береді, ал білім алушылар берілген тақырыптар бойынша теориялық материалды өз бетінше ізденіп, түсінуге тырысады. Үйде білім алушылар теорияны меңгереді, ал сыныпта практикалық дағдыларды пысықтап, мұғалімге сұрақтар қояды. Білім алушылар тақырыпқа байланысты ізденген материалдарын дайындалып, бейнетаспаларды көріп-тыңдап, интернет арқылы веб-сайттарында жүктелген дайын аудиоматериалдарды пайдалана отырып, яғни білім алушы сабаққа алдын-ала дайындықпен келеді. Теориялық біліммен дайындалып келген білім алушы түсінбеген сұрақтарын анықтап сұрап, түрлі пікірлерді салыстыра отырып қорытынды шығарады. Бұл әдістің тиімділігі өз еркімен ізденуде уақытқа тәуелсіз болады. Материалды меңгеруге әр білім алушы өз қабілетіне, ынтасына қарай уақыт бөледі. Уақыт пен мәліметтерді өзі таңдайды. Түсінбеген сұрақтары мен мәліметтерін аудиторияда мұғалім мен өзге білім алушылардың көмегімен шеше алады. Алған теориялық білімін практикада қолдана алады. Теориялық білімнің проблемалық сұрақтарын аудиторияда талқылайды. Бұл жемісті білім алуға тиімді әдіс екенін келесідей көрсетуге болады:

- мәліметтермен таныс, тақырып туралы алдын ала дайындығы бар болғандықтан білім алушы өзін жайлы сезінеді. Тақырыпты талқылауға сенімді қатысады;
- білім алушының белсенділігі артады. Себебі өзіне жайлы жерде отырып ыңғайлы уақытта білім алуға мүмкіндігі жоғары болады;
- білім алушы интернеттен қараған бейне сабақтармен еркін танысып, онымен қоса мұғалім дайындаған сабақтармен салыстырып, түсініксіз мәліметтерін анықтай алуға мүмкіндігі болады;
- тақырыпты оқып меңгеріп, сол бойынша тест тапсырмаларын тапсырады. Білім алушы алған теориялық білімін өз бетінше тексере алады;
- білім алушының білім алуына мотивация береді [2].

Теориялық білімді білім алушылардың барлығы практикада қолдануына уақыт тапшылық ететіні анық. Сабақтың бұл бекіту бөлігі өте маңызды. «Төңкерілген сынып» моделінде меңгерілген білімнің нәтижелігі аудиториялық сабақта әрі бекітіп, әрі тексеріледі. Сонымен қатар, болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда да маңызды. Болашақ информатика


мамандықтары үшін саласына қарай негізгі мәселелерін, оның тиімділігін жан-жақты анықтай алады. Білімнің маңызды мәселесін анықтауда жетекші рөл атқарады.

«Төңкерілген сынып» моделін әр мұғалім түрлі форматта түрлендіріп, өз бетінше бере алады. Мысалы мақалалар, кейстер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер және жобалардың тұсаукесері, бейне материалдар, қажетті оқулықтарға сілтемелер түрінде беруі немесе мұғалім өзінің дайындаған материалына бейне дәрістерін жазуы мүмкін. Білім алушыларға материалдарды алдын ала беріп, білім алушының үйде тақырыпты оқып, талдап, сабаққа дайындалып келуін тапсырады. Сонымен қатар, тақырып бойынша жобалар дайындауға, сұрақтар құрастыруға, презентациялық слайдтарды талдауға, сол сияқты бірнеше тапсырма беруі мүмкін. Кейде керісінше, білім алушыларға тақырыпты беріп, өздеріне ақпарат іздеуді, оны өңдеуді үйретуді мақсат етіп, тақырыпқа қатысты нақты материалдарды бермеуі мүмкін. Білім алушыға білімді дайын күйінде бермей, білім алушының тікелей қатысуымен меңгерту білімге деген құштарлығын арттырады. Біздің ойымызша, ол білім алушының жаңашылдыққа ұмтылуына, өз бетімен ізденуіне керемет мотивация береді.

Бүгінгі білім алушылар компьютерлік бағдарламаларды меңгерген, интернетпен еркін жұмыс істей алады. Тақырыпты терең меңгеру мақсатында түрлі материалдардан өзіне керектісін іріктеп ала білуі керек. Бұл әдісті қолданудағы мұғалімнің басты міндеті – білім алушыға тура бағыт беріп, дұрыс білім алуына жол көрсету болып табылады. Бұл аралас оқыту моделінің мәні: қандай да бір білім алуды жүзеге асыруда орындау орнын өзгертпей, яғни аудиторияда отырып-ақ, негізгі оқу процесінің құрамдас бөліктерін есте сақтау, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау сияқты дәйектілік құзыреттіліктерді өзгерту арқылы жүзеге асыру. Тақырып бойынша алдымен практикалық қолданылуы бекітіліп, содан соң теориялық негіздемесі беріледі. Бұл практикалық-бағдар беруді арттыру арқылы меңгертуді көздейді. Біздегі білім беру жүйесінде кеңінен айтылып жүрген теориялық білімнің кәсіпорындармен тікелей байланыс арқылы практикада жүзеге асырылу мүмкіндігіне сай келеді. Келесідей басымшылығын байқауға болады: түрлі жобаларға қатысуға, өз бетімен ізденуге жол ашады; материалдар іздестіру кезеңінде білім алушылар топпен жұмыс істеуге машықтанады; ақпаратты іздеуді және талдауды жүзеге асырады; өзін көпшілік алдында еркін ұстауға баулиды; ойын еркін жеткізу үйретеді; шешен сөйлеуге қол жеткізеді; шешім нұсқаларын ұсынуды меңгереді.

Білім беруде қалыпты жағдайда жаңа білімді меңгертуге уақыт берілгенімен, оны практикада қолдануға, тақырыпты толық түсіндіру үшін, проблемалық сұрақтарды талдау үшін уақыт жеткіліксіз екені белгілі. Мұғалім сабақты толық үлгеру үшін материалды ұсынады, тапсырмаларды үйге береді. Ал төңкерілген сынып моделінің ұтымды жақтары теориялық білім сабаққа дейін беріледі. Білім алушы оны зерттеуге қанша уақыт жұмсағысы келсе де өз еркінде. Яғни білімді меңгеруде уақыт жұмсау шекті емес. Жаңа материалды игеруге білім алушының қызығушылығы туады [3].

Білім алушылар теориялық ережелерге қарағанда практикалық мәселелерді шешуге көбірек бейімделеді. Сонымен қатар, өздері ұсынған теориялық білімнің жетістіктері мен кемшіліктерін табуды да ұсынуға болады. Олар білімді іс жүзінде қалай қолдану керектігін нақты біледі. Дайындалған материалға сыни көзбен қарайды, ұятқа қалмас үшін тиянақты дайындалуға бейімделеді. Әрі мұғалімге сұрақтар дайындап келуі де мүмкін. Авторлар Р.Жумабаев пен Е.Пайзовтың зерттеуінде дәстүрлі оқыту мен төңкерілген оқытудың айырмашылығын (1-сурет) көрсетеді. Яғни білім алушылардың оқуы сыныптан тыс үйде жалғасып, сабақ барысында олар мұғалімнің көмегімен білімдерін бекітеді. Алдын ала теориялық материалды меңгеріп келгендіктен, сабақта мұғалімнің көмегімен теориялық білімін қолданып, тәжірибе жүзінде тапсырмаларды орындайды [4].



1-сурет. Дәстүрлі оқыту мен төңкерілген оқытудың айырмашылығы

«Төңкерілген сынып» моделін ұйымдастырудың да бірнеше нұсқалары бар:

1. *Стандартты төңкерілген сынып.* Білім алушы үй тапсырмасын алады, бейне дәрістерді қарайды, келесі сабақтың тақырыбына қатысты оқу материалдарын оқиды, ал дәрісте зерттелген тақырыптар бойынша тәжірибеден өтеді.

2. *Топтық төңкерілген сынып.* Бұл модель білім алушыларға бір-бірінен үйренуге көмектесетін жаңа элемент қосады. Жаңа тақырып бойынша үйде лекциялық бейнематериалдарды және басқа ресурстарды қолданып, ал білім алушылар тапсырмалар бойынша бірге топтасып жұмыс істейді. Бұл модель білім алушыларды тек оқуға ғана емес, бір-бірінен үйренуге ынталандырады. Сонымен қатар серіктесіп жұмыс жасаудың ыңғайлы екенін түсіндіреді. Дұрыс шешім шығаруға көмектеседі.

3. *Пікірталас тұрғысынан-бағдарланған төңкерілген сынып.* Тәжірибеде бұл модельді келесідей пайдалануға болады: дәріс сабақтың тақырыбына арналған бейнеролик береді, дәрістегі уақытты осы тақырыпты талқылауға және пысықтауға арнайды, кейстерді нақты тәжірибеде қолданады.

4. *Демонстрацияға бағытталған төңкерілген сынып.* Бұл әсіресе білім алушылардан әрекеттерін дәл есте сақтауды және қайталауды талап ететін пәндер үшін жақсы. Бұл модельде мұғалім өзінің демонстрациялық әрекеттерін жазу үшін бағдарламалық құралдарын пайдаланады. Содан кейін білім алушылар өз қарқынымен жұмыс істей алатындай өз әрекеттерін көрсетеді.

5. *Төңкерілген мұғалім.* Бұл модельде төңкерілген сынып үшін жасалған барлық бейнелер мен презентациялар интернет-ресурстардан алынбайды. Оны мұғалім емес, білім алушылар өздері дайындайды. Бұл студент мұғалім рөлін алатын ойын түрі, оның мақсаты – мұғалімге үйрету. Осылайша олар өздерінің білімі мен дағдыларын көрсетеді.

6. *Виртуалды төңкерілген сынып.* Бұл төңкерілген сынып үлгісі қосымша курс білім алушылары үшін дәстүрлі бетпе-бет оқыту қажеттілігін толығымен жоя алады. Мұғалімдер лекциялық бейнелерді көру үшін бөліседі. Өзіндік жұмыстар мен үй тапсырмаларын береді. Білім алушылардың дайындаған нәтижелерін онлайн оқытуды басқару жүйелері арқылы жинайды.

7. *Жалған төңкерілген сынып.* EducationDrive әзірлеген бұл идея, ол кез келген жеке жұмысты орындай алмайтын білім алушылар үшін өте қолайлы. Бұл модель білім алушыларға дәріс бейнелерін аудиторияда өз қарқынымен, жазбасымен көруге мүмкіндік береді, ал мұғалім кез келген жеке көмек көрсету үшін студенттен студентке ауыса алады [5].

«Төңкерілген сынып» моделі бойынша оқыту төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

- мұғалімдер оқу материалдары үшін аптасына бірнеше бейне-дәрістер дайындайды. Ол интернет желісінен алынған дайын материалдар болуы да мүмкін;

- білім алушылар бейне-дәрістердің материалдарын өз бетінше үйде қарайды. Бейне-дәрістердегі материалдарды жеке қарқынмен меңгереді, уақыт шектеулері жоқ. Онлайн талқылаулар жүйесін пайдалана отырып, сыныптастарымен және мұғаліммен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі болады;

- аудиториялық уақытты практикалық сабақтарды орындау үшін пайдаланылады, т.б.

Білім алушылар шағын топтарға тек деңгейлері бойынша ғана бөлінбейді. Ең алдымен, оларда қалыптасқан дағдыларды пайдалану керек, ал одан кейін басқа да қабілеттерді дамытуға тырысу керек. Сонда білім алушыларда ақпаратты қабылдауы, ойлаудың басқа перспективалары ашылады.

Қорытындылай келе, «төңкерілген сынып» моделіне көшу – ол мұғалімнің басымдылығынан білім алушының басымдылығына көшу деп қорытынды жасауымызға болады. Біздің ойымызша, ұсынылған модельді білім беруде қолдану мұғалім мен білім алушыны тығыз ынтымақтастыққа әкелуі мүмкін. Білім алушылар оқу процесінің пассивті қатысушылары болудан қалады. Модель білім алушының білімі үшін жауапкершілікті өз мойнына жүктеуге мүмкіндік береді. Сол арқылы одан әрі шығармашылыққа ынталандырады, кәсіби күзiреттiлiктерi қалыптасады. Оқу процесінде алынған білімді практикада қолдануға бағыттайды. Біздің білім алушыларымыз, яғни болашақ информатика мұғалімдеріміз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Аталған бағыттардың табысты іске асырылуы ең алдымен, тек білімнің сапасымен анықталатыны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Evseeva A., Solozhenko A. (2015). Use of Flipped Classroom Technology in Language Learning. Procedia – Social and Behavioral Sciences 206. 205 – 209.

2. Адамбекова Б.М. BLENDED LEARNING. Режим доступа: http://portal.kazntu.kz/files/publicate/2013-02-26-10649_0.pdf.

3. Инновационный проект по апробации и внедрению в педагогическую практику средних учебных учреждений Ростовской области технологии смешанного обучения. Режим доступа:// <http://www.openclass.ru/node/430807/>

4. Жумабаев Р., Пайзов Е. «The flipped classroom» на уроках математики». «Білімді Ел» газеті. – Астана, 2016.

5. Ищенко А. «Перевернутый класс»–инновационная модель обучения// Учительская газета. Независимое педагогическое издание [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.ug.ru/method_article/876

Балганова М.С., Адылбекова Э.Т., Абдиманпова Г.М.

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ МОДЕЛИ «ПЕРЕВЕРНУТЫЙ КЛАСС» В ОБУЧЕНИИ

В статье рассматривается проблема смешанного обучения, определяемая как сочетание традиционного и онлайн-обучения. Ожидается, что применение в обучении модели «Перевернутый класс» приведет к улучшению знаний. Кроме того, были отмечены такие практические причины его осуществления, как расширение доступа к знаниям и управление ресурсами.

Balganova M.S., Adylbekova E.T., Abdimanapova G.M.

THE EXPERIENCE OF USING THE «FLIPPED CLASSROOM» MODEL IN TEACHING

The article deals with the problem of blended learning, defined as a combination of traditional and online learning. It is expected that the application of the "Inverted Classroom" model in teaching will lead to an improvement in knowledge. In addition, practical reasons for its implementation, such as increased access to knowledge and resource management, were noted.

Баубекова Г.М.

Доцент м.а., PhD

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Guldar_87@mail.ru

Мулдашев А.Ж.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистрі

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Zhomartovich01@mail.ru

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫҢ «МЕХАНИКА» БӨЛІМІН ТИІМДІ ҮЙРЕНУ ҮШІН ALGODOO СИМУЛЯТОРЫН ПАЙДАЛАНУ

Бұл мақалада мектепте «Механика» физика бөлімін оқу үшін оқу үдерісінде Algodoo симуляторын қолдану бойынша зерттеулерге шолу және пайдалану мысалы қарастырылды. Зерттеуде мектеп оқушыларына физиканы оқытуда, әсіресе механика жағдайында Algodoo бағдарламасын пайдаланудың тиімділігі сипатталған.

Кіріспе. Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Осы тұжырымға сүйене отырып, сабақты құрудың көптеген әртүрлі әдістемелік ұсыныстары бар.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолданатын физика сабағы жаңа сабақ және дәстүрлі әдістермен байланысын сақтайтын сабақ. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты дайындау процесі сабақтың жалпы қабылданған кезеңдері негізінде жүзеге асады:

- сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- сабаққа қолайлы материалды таңдау (технологиялық картаны анықтау).

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, физика сабағын құрастыру кезінде мұғалім осы технологияларды пайдалана отырып қол жеткізуді жоспарлап отырған мақсатын нақты анықтауы және шешу барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты өткізуге қолданылатын құрал болатын бірқатар мәселелерді шешуі керек. анықтау. Физика сабақтарында қолданылатын жаңа ақпараттық технологиялар элементтерінің бірі цифрлық интерактивті модельдерді пайдалану болып табылады, яғни арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы жасалған нақты объектілердің немесе жағдайлардың идеалдандырылған үлгілері.

Цифрлық ақпараттық модельдің көздері мыналар болуы мүмкін:

- физика сабағында оқу материалын бастапқы игеруге арналған 1-деңгейдегі бағдарламалық-педагогикалық құралдар (1С: Білім. Физика. Көрнекі құралдар кітапханасы, Мектептегі физика. Электрондық сабақтар. және тесттер, Open Physics 2.5 нұсқасы, т.б.);
Таким образом, можно заключить, что средства и способы педагогического общения определяются обще педагогической позицией учителя. Либо педагог ориентирован на взаимодействие в рамках субъект-объектных отношений, то есть монологическую форму общения, в которой ученик выступает в качестве пассивного объекта педагогических воздействий. «Монологическое вещание», как отмечает А.У.Хараш, ориентировано «на упрощенность, директивность, личностное нивелирование», отказ другому в праве быть другим.

Либо педагог реализует в субъект-субъектной системе и ориентирован на «диалогическое постижение личности» ученика, что открывает возможность его качественных изменений, проявления новых отношений к миру, другим людям и самому себе.

Диалогизация педагогического общения в субъект-субъектной образовательной парадигме предполагает проникновение личности учителя в особенности гетеростатической природы ученика, понимания источников его познавательной активности способов реализации его возможностей.

Таким образом, можно сделать следующие выводы:

1. Характер взаимодействия между педагогом и учеником определяется обще педагогической позицией, детерминированной ценностными доминантами учителя.

2. Ценности субъект-субъектной образовательной парадигмы ориентируют педагога на диалог – именно «диалогические отношения» основаны на конструктивном, созидющем и творческом начале профессионально-педагогического общения. На основании этого диалогизация взаимоотношения учителя и ученика создает условия для творческой самореализации обоих участников общения.

3. Диалог является личностно-образующим видом деятельности для обоих участников педагогического взаимодействия – учителя и ученика, выступающих субъектами образовательного процесса.

Список использованных источников:

1. Асмолов А.Г. Психология личности. Культурно-историческое понимание развития человека. – М.: Смысл, Академия, - 2010.

2. Ковалев Г.А. Три парадигмы в психологии – три стратегии психологического воздействия. <https://www.livelib.ru/author/444881/series-g-kovalev>

3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, Академия, - 2004.

4. Петровский В.А. Субъект: новая парадигма в образовании // Психологическая наука и образование. – М., 2001.

5. Слободчиков В.И. Психология человека. Введение в психологию субъективности. Учебное пособие. Православный Свято-Тихоновский гуманитарный университет. – 2014.

6. Хараш А.У. Личность, сознание и общение: к обоснованию интерсубъективного подхода в исследовании коммуникативных воздействий. – М., 2002.

Никифорова О.В., Таликова Г.Т.
ДИАЛОГТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАЗАЛДЫ
ҚҰРЫЛЫМЫ РЕТІНДЕ

Мақала тұлғалық теңестіруге бағытталған «монологиялық хабар таратуға» және «мұғалім-оқушы» диадасында гетеростаздық көріну мүмкіндігін ашатын «диалогтық субъектілікке» бағытталған екі білім беру жүйесінің қатар болуын белгілейтін қазіргі заманғы педагогикалық қарым-қатынастың диалогтық әдіснамасы мәселесіне арналған.

Nikiforova O., Talikova G.
DIALOGICAL COMPREHENSION OF PERSONALITY AS A BASIC CONSTRUCT OF
MODERN EDUCATION

The article is devoted to the problem of dialogical methodology of modern pedagogical communication, which captures the coexistence of two educational systems aimed at «monologue broadcasting», focused on personal leveling, and «dialogical intersubjectivity», which opens up the possibility of heterostasis in the «teacher-student» dyad.

ӘОЖ 37

Нургалиева К.А.
“Әлихан Бөкейхан атындағы гимназиясы”КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

ОҚУШЫЛАРДЫ СЫНИ ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘРІ
ҚАРАПАЙЫМ ТӘСІЛДЕРІ

Автор өз жұмысында әр сабақта оқушылардың сыни ойлауын қалыптастырудың қарапайым тәсілдері мен қатар күнделікті сабақта қолданылып жүрген тиімді әдістерін ұсынған.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды қазақ тілі пәнін оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Солардың бірегейі Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау компьютерлік дағдылар сияқты маңызды дағды. Бұл бізге ақпаратпен жұмыс істеуге және сенімсіз дереккөздерді жоюға көмектеседі. Бірақ оны балада қалай дамытуға болады? Осы сұраққа жауап іздеп көрдік. Осы орайда, тәжірибеде қолданып жүрген, әр сабақта қолданатын қарапайым тиімді бес тәсілді ұсынып отырмын.

-Балаға негізгі ойды бөліп көрсетуге үйрету.

Ақпаратты талдау, қорытынды жасау және өз пікірін қалыптастыру үшін негізгі ойды бөліп көрсетуді үйрену маңызды. Қандай ақпарат негізгі және қайсысы нақты екенін түсіну үшін өзіңізге сұрақтар қою керек: «Мәтін маған не айтады, мен не туралы білдім», «автор не айтқысы келді, қандай эмоцияны білдіргісі келді?» , «ол қандай фактілерді тізімдеді және оларды тексеру мүмкін бе». Балаңызға негізгі ақпаратты екінші ақпараттан ажыратуға үйрету үшін онымен бірге

кітаптан үзінді оқыңыз. Түсіндірулері мен мәліметтері көп біреуін таңдаңыз. Содан кейін балаңыздан оқығанын қысқаша айтып беруін сұраңыз

-Балаңызды шындықтан пікірін ажырата алуға үйретіңіз.

Балаңызға ақпарат фактіге немесе пікірге негізделуі мүмкін екенін ескертіңіз. Шешім қабылдау үшін оларды ажыратуды үйрену керек. Факті – нақты және тексерілетін нәрсе.

-Әр нәрсенің себеп-салдары болатынын түсіндіріңіз.

Оқиғаның себебін, шешімнің немесе әрекеттің нәтижесін орын алғаны. Мұның салдары болған оқиға. Әсер мен себеп арасында байланыс бар екендігін . Оны өзіңізге сұрақтар қою арқылы білуге болады: «Неге? Не үшін?». Балаңызға тіпті күнделікті сәттерде себеп-салдар қатынастарын қадағалауға үйретіңіз. Мысалы, сабаққа кешігіп келу - кеше түнде кеш ұйықтағаныңыздың салдары. Кеш ұйықтаудың салдары, күн тәртібін дұрыс жоспарламаудың салдары.

Заттардың өзара байланысын көру әдеті іс-әрекеттің мотивтеріне енуге көмектеседі және өз шешімдері мен әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Түсінікті болу үшін сіз тіпті бастапқыда сол жақ бағанда себептер, ал оң жақ бағанда салдар болатын белгіні сақтап отыруға да болады.

-Бір жағдайдың көптеген шешімдері болуы мүмкін екенін айтыңыз.

Сыни тұрғыдан ойлау – бір жағдайларда әртүрлі нұсқаларды көре білу. Сіз мектепке әдеттен тыс жолдармен бара аласыз, сүйікті кітаптарыңыздың жаңа аяқталуын таба аласыз және балаңызға кездесетін жағдайлардан шығудың әртүрлі жолдарын іздей аласыз. Осылайша сіз оған әртүрлі жағдайларды, соның ішінде әдеттен тыс жағдайларды басқаруға көмектесесіз. Өйткені ол қазірдің өзінде барлық нұсқаларды ойластырып, олардың тиімділігін алдын ала бағалау әдетіне ие болады.

-Үлгі көрсете білу

Балалар ата-анасының және мектептегі ұстазының мінез-құлқын қайталайды. Сондықтан балаларға маңызды дағдыны үйретудің ең жақсы жолы - оны өзіңізді жаттықтыру.

Маңызды нәрсеге назар аударыңыз, сұрақтар қойыңыз, себептері мен салдарын талқылаңыз, ақпаратты екі рет тексеріңіз, дәйекті болыңыз, қателеріңізді мойындаңыз және қорытынды жасаңыз, балаңыздың сұрақтарын көтеріңіз.

Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез – келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа деген де көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Жоғарыдағы тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың сыни ойлауын дамытуда, сабақта төмендегі әдіс-тәсілдерді де тиімді пайдаланған дұрыс.

Осы мүмкіндіктерді ескере отырып қазақ тілі сабақтарында СТО стратегиясының тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынып отырмын.

РАФТ Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Жуан-жіңішке сұрақтар: оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Қосжазба күнделігі: мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікір жазады, ендеше, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады.

Осындай жұмыстар арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл кестедегі көрсеткіштер арқылы СТО технологиясының мүмкіндіктері негізінде оқушының субъект ретінде қаншалықты өскенін аңғаруға болады.

Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс –тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы:

— Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды.

— Жұмыс пікірдің сапасына емес санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады).

– Барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы.

– Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

ДЖИК СО стратегиясы — ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Қолданылуы: Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады – бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді эксперт немесе жанұя топтарын құрады, яғни эксперт топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды. Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1 – бөлігін бірлер, 2 — бөлігін екілер, 3 — бөлігін үшіншілер, 4, 5- бөліктерін — бесінші және төртінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады.

INSERT немесе түртіп алу стратегиясы — түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» — білмеймін, «-» — мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды — деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

Куббизм стратегиясы – Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады. Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды. 1, 2 – сыныптарда үш жағын ғана пайдалануға болады. Бастауыш сыныптарда түрлі – түсті түрде пайдалануға болады.

• **Sinkuein немесе бес жолды өлең стратегиясы** – оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады.

Кім?- Ана

Қандай? -Мейірімді, ақылды

Не істеді? -Бағады, тәрбиелейді, өсіреді.

Түйін -Ағайын — алтау, ана –біреу.

Синоним- Адам

RAFT стратегиясы – Оқушы қандайда бір объектіні алып, сол рольге еніп өз ойын жазады. Бұл стратегияны қолдануда бала сол зат туралы ойын жазба түрде, бірінші жақта хабарлайды. Мысалы: Мен қазақтың қара домбырасымын. Менің күмбірлеген қоңыр үнімді ұнатпайтын қазақ жоқ. Мен әр қазақтың төрінде ілулі тұрамын. Мен адамның көңіл – күйін шектерім арқылы жеткіземін. т.с.с

Геометриялық фигуралар стратегиясы – бұл стратегияның құралдары геометриялық пішіндер. Мақсаты: оқушының сөздік қорын, әдеби, мәдени сөйлеу тілін, күрделі ойлау қабілетін дамыту. Себебі бала оқылып отырған мәтіннің кейіпкерлерінің мінез-құлқына, сипаттама бере отырып қорытынды жасайды. Кейіпкерлерді түрлі фигуралардың сипатына қарай ұқсастығын табады. Жұмыс жұпта немесе топта орындалады.

Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәліл келтіре білуге жетелейді. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан ойлай отырып, ой толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны жаңа бір әлем жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданатын оқу әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, сын тұрғысынан шындалған ойлау арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақта ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау-өте күрделі де маңызды құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізмі:

1. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.
2. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей 2015

Нургалиева К.А.

ЭФФЕКТИВНЫЕ И ПРОСТЫЕ СПОСОБЫ НАУЧИТЬ УЧАЩИХСЯ КРИТИЧЕСКОМУ МЫШЛЕНИЮ

В своей работе автор представил простые методы формирования критического мышления учащихся на каждом уроке, а также эффективные методы, используемые на ежедневных уроках

Nurgalieva K.A.

EFFECTIVE AND SIMPLE WAYS TO TEACH STUDENTS CRITICAL THINKING

Annotation. In his work, the author presented simple methods of forming students' critical thinking in every lesson, as well as effective methods used in daily lessons.

ӘОК 37.022

Нуркенова Г.К.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының докторанты, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
gulnur24.10.84@mail.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АЙҚЫНДАУЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Мақалада жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі айқындауын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесі қарастырылған. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі айқындауын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бағыттары ашылған. Жасөспірімдердің кәсіптік өзін-өзі айқындауын талдау процесі динамикасына тән ерекшеліктері сипатталған. Өзін-өзі анықтаудың үш компонентті құрылымына негізделген мамандық таңдаудың тұлғалық дайындығының психологиялық алғышарттары анықталған.

Кәсіби бағдар беру жұмысы оқушылармен барлық педагогикалық жұмыстың табиғи жалғасы болып табылады және қандай да бір мағынада оның логикалық қорытындысы болып табылады. Е. А. Климов кәсіби бағдар беру жұмысының маңыздылығын: «Жасөспірімдерге мамандық әлемінде кең бағдар алуға барынша көмектесу керек» деп атап өтті. Қазіргі таңда кәсіби бағдар ғылыми мәселе ретінде және практикалық шаралардың белгілі бір жиынтығында терең тарихи тамыры бар. Ол көптеген ғалымдардың назарын аударды және психологтар мен педагогтердің қызығушылығын туғызды. Психологиялық сөздікте: «кәсіби бағдар (кәсіптік бағдар) жастарға мамандық таңдауда көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі ретінде» деп анықтайды. Ол өз мәні бойынша жастардың кәсіби өзін-өзі айқындауын қалыптастыруға, өзінің мүдделеріне, ықыласына, бейімділігіне, қабілетіне сәйкес және әртүрлі бейіндегі мамандарға бар қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып, кәсіпті саналы және негізді таңдауға дайындығын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүйесін білдіреді.

Мамандық таңдау барлық уақытта адамның өмір сүру деңгейіне анықталуына әсер етті. Жеке тұлғаның мүмкіндіктеріне, қабілетіне және ұмтылыстарына жауап беретін жұмыс қызметкерге да, қоғамға да үлкен пайда әкеледі. Белгілі бір тұлғалық бейімділікпен және іскерлікпен бекітілмеген мамандығы бар адам көбінесе өз ісінде қандай да бір кәсіби табыстарға қол жеткізе алады. Кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі егжей-тегжейлі талдауды талап етеді. Алғашқы рет орыс психологиялық ғылымында психикалық құбылыс ретінде өзін-өзі билеуге С. Л. Рубинштейн назар аударды, ықпалымен сыртқы іс-әрекеттер өзгеретін ішкі күштердің маңыздылығын атап өтті.

С.Л. Рубинштейннің идеялары К.А. Абульханова-Славская жұмыстарында көрініс тапты. И. С. Кон, И.В. Дубровина, Л. И. Божович, В.Ф. Сафина және Г.П. Никова және т. б. шетелдік ғылыми психология ұғымына «өзін-өзі анықтау» термині «бірегейлік» терминіне сәйкестігін көрсетті. Бірегейлік құбылысын Э. Эриксон, Дж. Марсиа, А. Ватерман, И. Гофман, Ю. Хабермас және т.б. авторлар: жеке және әлеуметтік бірегейлікке қол жеткізу үдерістерінің ерекшеліктері мен кезеңдерін көрсетеді. Өзін-өзі анықтау белгілі бір әлеуметтік орта атмосферасындағы психикалық және физикалық ерекшеліктерді түсінумен байланысты. Таңдаудың өмірлік жағдайы өзін-өзі сезінуді ынталандырады және мақсаттарды, құндылықтарды, жеке ұстанымдарды, өзін-өзі бағалауды түсіну бойынша өзін-өзі талдау процестерін белсендіреді, бұл өз кезегінде жеке жолды, жеке ұстанымды таңдау үшін негіз болады. Өзін-өзі анықтау бір уақытта процесс және нәтиже ретінде қарастырылуы мүмкін. Өзін-өзі анықтау нәтижесі ретінде ішкі үйлесім, тепе-теңдік жағдайы ретінде жеке басын сәйкестендіру болып табылады. Мамандық таңдауын жүзеге асыру өзін-өзі талдау және рефлексия (өмірдің мәнін іздеу), тұлғаның болашаққа бағдарлануы, өзінің ішкі позициясын қалыптастыру қабілеті. Жасөспірімдік кезеңдегі басты мәселелердің бірі тұлғаның кәсіби бағыты болып табылады. Сонымен қатар, өзін-өзі анықтаудың маңызды факторлары ретінде өзін-өзі бағалау мен тұлғаның құндылықтық бағдарларының жиынтығын есептеуге болады. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі айқындауын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу өз қабілеттері мен ұмтылыстарын ұғынуға көмек көрсетуі тиіс және мектептегі педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс оқушының, әсіресе жоғары сыныптардың, болашақ мамандықты саналы таңдауға бағытталған өмірлік бағдарлар мен бағыттарын қалыптастыруға негізделеді. Бұл мәселенің маңыздылығы тек бір ғана шешім - бұл психологтардың, педагогтардың, ата-аналардың мектеп оқушыларымен тиімді жұмысы. Кәсіптік бағдар шараларының нәтижесі мамандық алу үшін кәсіптік оқу орны мектебінің түлегі саналы және саналы таңдау болуы тиіс. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі айқындауын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бағыттары:

- оқушылардың өз жеке басының, өмірлік құндылықтары, қабілеттері мен мүмкіндіктері туралы нақты түсінігін қалыптастыруға жағдай жасау;
- жоғары сынып оқушыларын мәселелік жағдайларды шешуде өзін-өзі талдау тәсілдеріне үйрету;
- оқыту бейінін таңдауда психологиялық көмек;
- жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау практикасымен білім беру үдерісін ықпалдастыру; жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау есебімен бейіндік даярлаудың жеке бағыттарын ұйымдастыру;
- мектепті жоғары оқу орындарымен біріктіру.

Осы бағыттағы мақсаттарды іске асыру үшін біз бірқатар психологиялық диагностикалық әдістер мен әдістемелерді қолдандық. Олардың ішінде даму теориясы, бірегейлік теориясы, сана және өзіндік сана концепциясы, мотивация теориясы, кәсіби өзін-өзі анықтау тұжырымдамасы, бейіндік оқыту тұжырымдамасы тұрғысынан әдебиеттің мазмұнды талдауы; бейіндік мектептегі кәсіптік өзін-өзі анықтау жағдайын жалпылама талдау үшін оқушылар, педагогтар және ата-аналар топтарының сауалнамалық сұрағы; М.Рокичтің «Құндылықты бағдарлау» әдістемесі; С.А. Будассидің «Өзін-өзі бағалауды сандық өлшеу» әдістемесі. Е.А. Климова «Дифференциалдық-диагностикалық сауалнама» әдістемесі; әртүрлі көзқараспен кәсіби өзін-өзі анықтау процесін зерттеу үшін дербес сипаттамаларды жалпылау әдісі; деректерді математикалық-статистикалық өңдеу.

Жасөспірімдердің кәсіптік өзін-өзі айқындауын талдау процесс динамикасының тән ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Оқытудың көрсетілген кезеңдерінде тұлғаны өзін-өзі бағалау айтарлықтай өзгермейді, алайда оқытудың әрбір сатысында өзін-өзі бағалауды арттыруға құндылықты бағыттарының белгілі бір жиынтығы ықпал ететін болады. Тоғызыншы сынып оқушылары үшін оларды белсенді коммуникативтік қызмет түрлеріне, басқа адамдармен, оның ішінде қарама-қарсы жынысты өзара іс-әрекетке қосу маңызды болып табылады. БАҚ-ты зерттеу нәтижелеріне сәйкес орта мектеп түлектерінің өзін-өзі барабар бағалауын қалыптастыруға өзіне деген талаптары жоғары деңгейде өмір мен қызметте белсенділік ықпал ететін болады. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауын арттыру өмірлік жағдайларды шешуде ұтымды тәсілмен, сондай-ақ қарым-қатынаста адалдық пен шынайылық көріністерімен сүйемелденеді. Барлық зерттелетін топтардың кәсіби бағыты қарым-қатынас пен шығармашылықпен байланысты салалар айналасында шоғырланады.

Осы мәселе бойынша еңбектерді талдай отырып, өзін-өзі анықтаудың үш компонентті құрылымына негізделген мамандық таңдаудың тұлғалық дайындығының психологиялық алғышарттарын анықтауға мүмкіндік берді:

1) субъектілік-тұлғалық компонентті дамыту (өзін-өзі бағалаудың, жауапкершіліктің және өмірлік жолды таңдауға саналы көзқарастың жеткілікті жоғары деңгейін қалыптастырумен байланысты);

2) құндылық-мотивациялық компонент («өзін-өзі бақылау», «өз іс-әрекеттеріндегі дербестік», «адалдық», «пікірді, көзқарасты ұстанудағы батылдық», «өмірлік даналық» сияқты құндылықтардың тұлғалық сипаты үшін жоғары маңыздылықта көрсетілген «физикалық және психикалық денсаулық», «қаржылық қауіпсіз өмір»);

3) бағдарлы - мінез-құлық компоненті (кәсіби мүдделер өрісінің біртіндеп тарылуымен, кәсіптік бағдар қалыптастырумен сипатталады).

Кәсіби өзін-өзі анықтау адамның өмірлік жолында маңызды сәт. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың неғұрлым зерделенген және танылатын факторы субъектінің мүдделері болып табылады. Мамандық таңдаудың маңызды және жеткілікті дәрежеде зерделенген факторы қабілет болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін бағалауға негізделген жеке талаптың белгілі бір деңгейін көрсетеді. Жаспірімдердің кәсіби бағдарлау тәжірибесін дамыту бүгінгі күнде өзекті болып отыр. Өзгерген экономикалық жағдайларда жоғары сынып оқушыларына өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін тануға, оларды кәсіптер әлеміне тануға, өздерінің «қалаймын» және «жасай аламын» еңбек нарығымен байланыстыруға үйрету қажет. Бұл жаңа әлеуметтік тапсырыс!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Климов Е. А. мамандықты Қалай таңдауға / Е. А. Климов. М.: Ағарту. 1990ж. 150 б.
2. Варданын Н. Т. жеке тұлғаның дамуы мен әлеуметтік бірегейліктің зерттеулеріне теориялық шолу. «Социосфера» ғылыми-баспа орталығы Прагадағы жоғары Экономика мектебінің бизнес факультеті «ХҚЭДО білім беру ресурстары» Ақпараттық орталығы//XXI ғасырдағы білім беруді дамытудың мәселелері мен перспективалары: тұлғаның кәсіби қалыптасуы (философиялық және психологиялық-педагогикалық аспектілері). II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 10-11 сәуір 2012 ж. 23-27 б.

Нуркенова Г.К.

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

В статье рассматривается проблема психолого-педагогического сопровождения профессионального самоопределения подростков. Раскрыты направления психолого-педагогического сопровождения профессионального самоопределения старшекласников. Описаны характерные особенности динамики процесса анализа профессионального самоопределения подростков. Определены психологические предпосылки личностной готовности к выбору профессии, основанные на трехкомпонентной структуре самоопределения.

Nurkenova G.

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT OF PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF ADOLESCENTS

The article deals with the problem of psychological and pedagogical support of professional self-determination of adolescents. The directions of psychological and pedagogical support of professional self-determination of high school students are revealed. The characteristic features of the dynamics of the process of analyzing the professional self-determination of adolescents are described. The psychological prerequisites of personal readiness to choose a profession based on a three-component structure of self-determination are determined.

Нуркенова Г.К.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының докторанты, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
gulnur24.10.84@mail.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Мақалада авторлар жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық феномен ретінде қарастырылады. Білім беру жүйесінде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының маңыздылығы түсіндіріледі. Мамандық таңдау - оқушылар үшін өте маңызды және күрделі процесс екендігі айтылады, оқушылардың болашақ мамандықты таңдауда жіберетін қателіктері баса көрсетіледі. Сондай-ақ еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, өзін-өзі жүзеге асыруда тәуелсіз және жауапты таңдау жасауға дайындығын қалыптастыру үшін кәсіби өзін-өзі анықтау процесін психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігіне мән беріледі.

Заманның жаңа жаһандық сын-қатерлі және түбегейлі өзгерістер кезеңінде білім беру саясатының басты міндеті - жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің талаптарына сай білім беру сапасын қамтамасыз етуді анықтау. Өз мүмкіндіктерін іске асыруға қабілетті, өмірдің өзгермелі жағдайларында өз стратегиясын жасауға бейімді, кәсіби әрекетте және өмірдің басқа да салаларында табыс биігіне жетуді мақсат ететін тұлғаны дамыту, бәсекеге қабілетті сапалы адам капиталын құруды қамтамасыз ету - Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі алдындағы аса жауапты міндет. Сол себепті Президент Қ.Тоқаевтың алғашқы Жолдауында: «Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған... Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет» - деп, оның негізгі себептері қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы көрсеткіштерінің алшақтығы, ауылдық жердегі білікті кадрлардың жетіспеушілігін және оны шешудің тиімді жолдарын ашып көрсетті. Қазіргі кезеңде ғылымдар жүйесінде кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін зерттеу өзектілігі, қоғам талаптарына сай, еңбек іс-әрекетінің сипаты мен мазмұнының жылдам өзгеруіне байланысты оқушыларға кәсіби бағдар беру мен мамандық таңдауға дайындықты қалыптастыруды теориялық және әдіснамалық өңдеу болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау психологиялық-педагогикалық феномен ретінде Э.Ф.Зеер, Е.А.Климов, Н.С.Пряжниковтың жұмыстарында көрсетілген, онда тұлғаның кәсіби қалыптасу кезеңінде бөлінген үздіксіз процесс ретінде оның сипаттамасы беріледі. Оқушыға кәсіби бағдар беру - оның мамандық таңдауына бағытталатын іс-әрекеттер жүйесі. Мамандық таңдау - әр адам үшін өте күрделі және жауапты міндет. Бұл таңдау тұлғаның рухани өсуі, әлеуметтік орны мен азаматтық көзқарасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Оқушыларға кәсіби бағдар беруде кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызы жоғары. Оқушылардың болашақ мамандықты таңдауда жіберетін қателіктеріне мыналар жатады:

- мамандықтар әлемімен, олардың ерекшеліктерімен толық таныс болмауы (түрлі еңбек жағдайлары, мамандық тұлғасына қойылатын талаптар және т.б.);
- беделді мамандықты табыс көзі ретінде қарастыру;
- белгілі бір мамандық өкіліне деген біржақты көзқарас қалыптасу;
- достарының ыңғайымен серіктестік мамандық таңдау;
- ата-аналарының қалауымен мамандық таңдауы; - өз қабілеттері мен мүдделерін ескермей, ҰБТ-ның нәтижесі бойынша мамандық таңдау;
- аймақтық еңбек нарығында сұранысқа ие емес, бірақ «беделді» кәсіптердің ішінен мамандық таңдау;
- олар өздерінің өмірлік мақсаттарын болашақ мамандықтарымен дұрыс болжауды және құруды жасауды білмейді. Осылайша, мектеп түлектерінің елдің (аймақтың) даму тенденцияларын және қазіргі еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, болашақ кәсіби

өзін-өзі жүзеге асыруда тәуелсіз және жауапты таңдау жасауға дайындығын қалыптастыру үшін кәсіби өзін-өзі анықтау процесін психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігі туындайды.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мақсаты адамның еркін қабілетін дамыту - оның жеке өмірін басқару, яғни мақсат қою, басымдықтарды қою, таңдау жасау болып табылады. Өзін-өзі анықтау ұстамының мазмұны адамның және қоғамның ішкі қозғаушы күші ретінде әрекет ететін мағыналар жүйесін қамтиды. Өсіп келе жатқан тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы жеке мағынаны іздеумен және мамандық таңдауға байланысты екендігіне негізделген, «адам үшін экономика» немесе «экономика үшін адам» дилеммасы біржақты шешілмейді және адамның таңдауына байланысты болады. Алайда, адамның мамандық таңдауы оның қоғамдық-әлеуметтік және жеке өзіндік тәжірибесіне байланысты. Сондықтан мамандықты таңдау тек қандай да бір когнитивті жүйелерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар адамның жеке тұлғалық құрылымының қайта құрылуы мен субъективті тәжірибесін терең қарастыруды қажет етеді. Өзін-өзі анықтауда, оқушының кәсіби бағдарын қалыптастыру мұғалім үшін маңызды іс. Себебі мұғалім оқушы үшін үлгілі ұстаз болуымен қатар, бағыт-бағдар беруші, оның болашақ өмірі үшін үлкен жауапкершілікті сезінетін рухани тұлға. Кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымы «өзін-өзі анықтау» түсінігінен туындап отыр. Өзін-өзі анықтау - бұл өз мүмкіндіктерін саналы ұғыну, өзін-өзі тану, өзінің даралық тарихын құру; адамның өзінің даму болашағын саналы және өз бетінше жүзеге асыруға дайындығы. Педагогика мен психология ғылымында өзін-өзі анықтаудың бірнеше түрлері сипатталған: тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау, өмірлік және әлеуметтік өзін-өзі анықтау.

Тұлғалық өзін-өзі анықтауы адамның өзін тұлға ретінде анықтауы ретінде қарастыруға болады. «Тұлға» ұғымы психологиядағы неғұрлым күрделі категория болып табылады. Әдетте тұлға деп өзін қоғамда белсенді жүзеге асыратын субъектіні қарастырады. Бұл жерде оның белсенділік көзін және кемелділік дәрежесін бөліп қарастырады. Тұлғаны түсінудегі неғұрлым дәстүрлік анықтама – тұлғаны сыртқы ортамен, қоғамдық күшпен анықталады деп түсініп «тұлға қалыптасуы» деген сөз тіркесін қолдану болып табылады. Тұлғаның өзіндік анықтау мәселесіне әдіснамалық-психологиялық ықпалдар С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, В.Ф.Сафин еңбектерінде жан-жақты көрсетілген. С.Л.Рубинштейн тұлғаның тәуелділігі өмірдің жағдайлары мен шарттарына ғана тәуелді емес, сонымен бірге өмірде тұлғаға тәуелді деп атап көрсетті. Бұл жерде тұлға өмірдің субъектісі ретінде айқындалады. Оның пікірінше, тұлғаның тағдыры өзінің жеке өмір жолына байланысты болады. Өзіндік анықтау адамның өз тағдырын еркін таңдауы, өзін-өзі итермелеуші күштердің жүзеге асуы болса, ал өмірлік жағдайлардағы рефлексия ретінде жасалынатын интеллектуалды жұмыстар өзіндік анықтаудың механизмі болып табылады.

Тұлғаның өзін-өзі анықтауы жеке даралық сипатқа ие, ол бірегей, қайталанбайтын және өзгешелік қасиетке тән. Адамның жеке дербестілігінің ерекшелігі өзіндік анықтау процесінің сәйкестілігі мен өнімділігі айқын және тікелей көрініспен сипатталады. Өзін-өзі анықтайтын жеке тұлғаның сипаттамасы ретінде кейбір процестердің аяқталуының нәтижесін шартты түрде қарастырады. Ал шындығында, осы сипаттама айтылған нәтижеге келудің психологиялық механизмін толық аша алмайды. Бұл нәтижені тудыратын процесс – өзіндік анықтау процесі: оның мәнін индивидтің өмірлік мақсатын және өмірдің мағынасын ұғынуын қалыптастыруы, өзінің ниет-тілектерінің сәйкес келуі, қасиеттерінің, мүмкіндіктерінің қатысуы негізіндегі дербес өмірлік іс-әрекетке дайындығы, соған қойылатын қоршаған орта мен қоғам тарапынан талаптар құрайды. Сөйтіп, өзіндік анықтаудың негізгі психологиялық механизміндегі қоғам талап ететін өзінің тілектері мен мүмкіндіктерінің сәйкес келуі жүзеге асады. Өзін-өзі анықтау – бұл тек процесс қана емес, сонымен қатар нәтиже болып табылады. Өмірде өз-өзін жүзеге асыра алған адамды тұлға ретінде қалыптасқан деп айтуға болады. Ал оның нәтижесі тұлғалық деңгейде белгілі бір психологиялық қасиеттері мен сипаттары арқылы көрінуі мүмкін. Өз-өзін анықтау мәселесін зерттеуде әртүрлі психологиялық, философиялық тұжырымдамаларды талдай келе, тұлғаның өз-өзін анықтауының негізгі үш түрін бөліп қарастыруға болады: - тұлғалық (өз жетістіктері мен кемшіліктерін бағалау), - әлеуметтік (өзінің әлеуметтік ұстанымын, қоғамдағы өз орнын анықтау) және - адамгершіліктік (өзінің адамгершіліктік-рухани әлеуетін анықтау мен жүзеге асыру) өз-өзін анықтау. Біздің ойымызша, дамыған тұлға үшін өз-өзін анықтаудың барлық осы түрлердің үйлесімі тән, яғни дәл осындай тұлғаны өмірлік өзін-өзі анықтаған тұлға деп есептеуге болады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау - бұл іс-әрекеттік өзін-өзі анықтау; бұл жердегі іс-әрекет – мақсат, құрал және өзін-өзі анықтау кеңістігі бола алады. Іс-әрекет сапасы өзін-өзі анықтаудың ерекшелігін тудырады. Кәсіби өзін-өзі анықтауды толық іске асырылмағаннан біраз оқушыларда таңдалынған мамандықтары туралы кең түсінік болмайды және өз қабілеттерін толық аша

алмайды. Кәсіби өзін-өзі анықталудың аяқталмауы оны басқарудың қажеттілігін көрсетеді. Оны басқару бірнеше деңгейде жүзеге асыруға болады:

- әлеуметтік – оқушылардың өндірістік еңбектерін ұйымдастырумен кәсіби бағдар беру жұмысын дамытуға бағытталған мемлекеттік ұйымдастыру жүйелері;

- педагогикалық – оқушылардың мамандықты саналы таңдауға дайындау мақсатында оқушының жеке басына және ортасына педагогикалық әсер ету жүйесі;

- психологиялық – ерте жасөспірім кезеңінде оқушыны іс-әрекетті өзіндік саналы басқару субъектісі мен басқару және өзін-өзі басқару механизмдері ретінде зерттеу.

Кәсіби өзін-өзі анықтау тұлға қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл туралы Е.А.Климов кәсіби өзін-өзі анықтауды басқару мүмкіншіліктерін тұлғалық кәсіби жоспарлауды түзету арқылы қарастырады. Яғни, оқушы өзін-өзі басқаруын алдына мақсат қойып, оны жоспарлап және жүзеге асыру жолындағы есеп беру, түзетулері жатады. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мәні жаңа таңдауда емес ғана емес, сондай-ақ өз еңбегінде жаңа мән мағынаны табу болып табылады. Ол өмірлік мән-мағынаға айналу үшін баланың арман-мұратынан бастау алып, алдына айқын мақсат қойып және оны жүзеге асырудың жолдарын жасап, нақты іс-әрекетке көшу қажет. Көп жағдайда жастар өз армандарымен іштей қалып, оны сыртқа білдірмей немесе оны орындаудың жолдарын қарастырмай, өзіндік адасуларға барады. Бұл олардың өзін-өзі тану мен өзіндік баға беру процесстерінің жоғары немесе төмен болуы болып табылады. Оларға дер кезінде көмек көрсетіп, жүйелі жұмыстар атқарылса, ондай олқылықтар болмас еді. Адам өзінің арман-мақсатын жүзеге асыру, оның жас кезіндегі негізгі тілек-ниеттері мен іс-әрекеттеріне байланысты.

Тұлғаның өзін-өзі анықтау үдерісі адамның жеке өзіндік өмірінде ерекше мәнге ие мәселелердің қатарына жатады. Психологияда кәсіби өзін-өзі анықтау «тұлғаның өзінің дамуының келешегін саналы және дербес жоспарлау мен жүзеге асыруға дайындық» ретінде қарастырылады. Бұл құбылыстың басты белгісі - оның көп аспектілілігін нақтылай отырып, жастардың қажеттілігі үлкен адамдардың ішкі ұстанымын иелену, әлеуметтік мәнді және өмірде өзін анықтау, өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезіну. Оқушылардың ЖОО таңдауы - бұл кәсіби өзін-өзі анықтау, белгілі бір өмір салтын мойындау, оның болашақ өмірін айқындаушы маңызды кезең болып табылады. Мамандықты саналы түрде таңдамау күрделі мәселелерді тудырады, ал мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстарының төмендігінен мамандықты немесе оқу орнын кездейсоқ таңдауға әкеледі. Кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін шешуге мектеп пен жоғары оқу орындары бірлесіп белсенді түрде айналысуы тиіс. Егер кәсіби өзін-өзі анықтау процесі дұрыс жүргізілмесе, онда көптеген оқушыларда еңбек іс-әрекеті бойынша таңдалынған мамандық туралы толық танысу болмайды. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың толықтай аяқталмауы оны тиянақты жүргізудің қажеттілігінің тағы бір жағдайы. Кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін жүргізудің бірнеше салада жүзеге асуы мүмкін. Олар:

1) Әлеуметтік - оқушылардың оқу-өндірістік еңбектерін ұйымдастырумен кәсіби бағдар беру жұмысын дамытуға бағытталған мемлекеттік ұйымдастыру жүйелері. Өкінішке орай бұл бағыттағы жұмыстар өте баяу жүруде.

2) педагогикалық - оқушылардың мамандықты саналы таңдауға даярлау мақсатында оқушының жеке басына және сынып ұжымына педагогикалық әсер ету. Қазіргі таңда бұл жұмысты мектеп ұжымы өз шамаларына жүргізуде, егер жоғары оқу орындарымен жоспарлы түрде бірігіп жүргізілсе, біраз нәтижеге қол жеткізері анық.

3) Психологиялық - ерте жасөспірім кезеңінде оқушыны іс-әрекетті өзіндік саналы басқару субъектісі мен басқару және өзін-өзі басқару механизмдері ретінде зерттеу. Бұл бағытта мектеп психологтарының үлкен жауапкершілікпен көптеген жұмыстар атқаруына тура келеді.

Қалыптасқан жағдайды талдау барысында кәсіби бағдар беру жұмысын тиімді жүргізу үшін: кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізуде педагогтардың құзыреттілігін жетілдіру; кәсіби бағдар беру қызметінде мектептің әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру; жастардың кәсіби өзін-өзі анықтауын нормативтік және ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын жақсарту; мектеп психологтары мен сынып жетекшілерге кәсіби бағдар беруге байланысты біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру; мамандық таңдау туралы қолжетімді ғаламтор сайттарын жасау туралы ұсыныстарды айтқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ. К. (2019) «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» //«Егемен Қазақстан», №169 (29648) 3 қыркүйек. 1-6 бб.

2. Шавир П. А. (1981) Психология профессионального самоопределения в юности. М.: Педагогика.

3. Маркова А. К. (2008) Формирование мотивации учения в школьном возрасте. М.: Просвещение.

4. Бейсенова Ж. Ж. (2004) Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу: психол.ғыл. канд. дисс. автореф. 19.00.07. Алматы: ҚазҰУ. -30 б.

Нуркенова Г.К.

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМООПРЕДЕЛЕНИЕ ПОДРОСТКОВ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ФЕНОМЕН

В статье авторы рассматривают профессиональное самоопределение подростков как психолого-педагогический феномен. Объясняется важность профессионального самоопределения учащихся в системе образования. Отмечается, что выбор профессии - очень важный и сложный процесс для учащихся, подчеркиваются ошибки, которые допускают учащиеся при выборе будущей профессии. Также акцент делается на необходимости психолого-педагогического сопровождения процесса профессионального самоопределения для формирования готовности к самостоятельному и ответственному выбору в самореализации с учетом потребностей рынка труда.

Nurkenova G.

PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF ADOLESCENTS AS A PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL PHENOMENON

In the article, the authors consider the professional self-determination of adolescents as a psychological and pedagogical phenomenon. The importance of professional self-determination of students in the education system is explained. It is noted that choosing a profession is a very important and difficult process for students, and the mistakes that students make when choosing a future profession are emphasized. The emphasis is also placed on the need for psychological and pedagogical support for the process of professional self-determination in order to form readiness for independent and responsible choice in self-realization, taking into account the needs of the labor market.

ӘОЖ 37.022

Омарова В.

РЦ дополнительного образования «Assima»
Карагандинская обл. ОШ№11 Осакаровского района

Шалтаева Р.Ж.

к.п.н., доцент, академия «Bolashaq» город Караганда, Республика Казахстан

НЕЙРОУПРАЖНЕНИЯ НА УРОКАХ, КАК СПОСОБ РАБОТЫ СО СЛАБОУСПЕВАЮЩИМИ УЧАЩИМИСЯ

Использование нейроупражнений имеет ряд преимуществ использования на уроках. Они развивают мелкую моторику, память, внимание и мышление. Также они позволяют школьникам в игровой форме запомнить материал, который может быть трудным для усвоения просто при прочтении и оказаться в ситуации успеха, которая необходима им во время урока. Нейроупражнения формируют нейронные связи, способствующие прочному усвоению знаний

В последнее время психологи и педагоги наряду с врачами отмечают устойчивый рост числа детей с общими нарушениями поведения и обучения. Проблема неуспеваемости в школе является одной из центральных проблем педагогики и педагогической психологии. Попробуем разобраться, с чем это связано? Установлено, что неуспеваемость в школе может быть следствием непсихологических причин: условий жизни семьи, педагогической халатности, уровня образования родителей, состояния здоровья учащихся; и психологические: недостатки в познавательной, потребностно-мотивационной сферах, индивидуально-психологические особенности студентов, незрелость мыслительной деятельности. Разнообразие причин неуспеваемости затрудняет преподавателю их выявление, и в большинстве случаев учитель выбирает традиционный метод работы с малоуспешными учениками - дополнительные занятия, которые преимущественно заключаются в повторении с ними пройденного учебного материала.

Кроме того, часто такие дополнительные занятия проводятся сразу с несколькими отстающими учениками. Однако эта работа, требующая много времени и сил, оказывается напрасной и не дает желаемого результата.

Для того чтобы работа с низкоуспевающими детьми была эффективной, прежде всего, необходимо выявить конкретные психологические причины, мешающие каждому ученику в полной мере овладеть знаниями. Так почему же неуспеваемость является «вечной» проблемой в школе? Психологические причины академической неуспеваемости можно сгруппировать в следующие группы: недостатки познавательной деятельности учащихся; недостатки развития мотивационной сферы детей; недостатки развития речи, слуха и зрения учащихся.

Так в последние годы неуспешными оказываются и дети из вполне благополучных семей. И всё чаще хорошая успеваемость в школе даётся ребёнку ценой постоянных головных болей, проблем с желудочно-кишечным трактом или различных невротических проявлений. Один ребёнок начинает говорить в год, а в четыре — уже читать. А другой, учась в школе, порой уже не в первом классе, с трудом усваивает послоговое чтение, неуверенно узнаёт или вообще путает буквы. У одних детей абсолютная грамотность, а другие, вызубрив наизусть все правила, делают по несколько ошибок в каждой строчке. И такие проблемы возникают не только у детей с тем или иным диагнозом, но и у абсолютно здоровых детишек. Чаще всего школьники испытывают трудности с русским, казахским языком, чтением и математикой. Когда ребёнок впервые переступает порог школы, он хочет учиться, хочет стать хорошим учеником. Ему не терпится попасть в школьный мир. Когда же появляются первые двойки, это желание сразу пропадает. Учиться хочет, но не может. В чём причина? Одна из причин в том, что система школьного обучения в данное время не в полной мере соответствует возрастным и интеллектуальным особенностям детей. Социальный прогресс, высокие темпы развития науки и техники приводят к тому, что общество предъявляет всё более высокие требования к школьному образованию. Школьные программы усложняются из года в год, не всегда ориентируясь на возрастные и психические особенности ребёнка. В результате даже способные к обучению дети попадают в разряд неуспевающих. Другой причиной трудностей обучения могут быть различные недоразвития отделов головного мозга. И это не значит, что с ребёнком что-то не так. Ребёнок может быть абсолютно здоровым физически и умственно, но его мозг, который ещё развивается, не справляется со школьной нагрузкой. Работу с детьми можно назвать благодатной почвой, так как мозг ребёнка, в отличие от мозга взрослого, находится в стадии формирования. У каждой психической функции есть своя программа развития. Мозг ребёнка созревает гетерохронно: разные функции развиваются в разное время. Коррекционно развивающие занятия необходимы как детям, не успевающим в школе из-за отставания в развитии отдельных психических функций, так и детям, которые со школьной программой справляются, но в ущерб своему здоровью. С какими проблемами приходится сталкиваться родителям и педагогам? Что чаще всего мы слышим от самого ребёнка? Жалобы ребёнка и вероятная «расшифровка»:

— «Никак не могу вспомнить, уже забыл, не могу выучить» — проблема с памятью. •
«Нечаянно пропустил, не заметил» — проблема с вниманием.

— «Не понял» — проблема с мышлением, скоростью обработки информации.

— «Не могу представить» — проблема с воображением.

Как видим, жалобы ребёнка связаны с проблемой развития основных психических функций. Какие же психические процессы должны быть на хорошем уровне для успешного обучения? В первую очередь — внимание. Причём внимание должно обладать произвольностью, достаточной концентрацией, устойчивостью, распределением и объёмом. Концентрация и устойчивость помогают долгое время удерживать внимание на том или ином объекте деятельности, не отвлекаясь на посторонние раздражители. Важен хороший объём внимания, особенно акустического. Это нужно для понимания инструкции, к тому же если она большая по содержанию. Распределение внимания подразумевает одновременное восприятие разномодальной информации: например, слушать учителя и писать. Именно на внимание ребёнка часто жалуются родители и педагоги. С нейрофизиологической точки зрения, внимание может страдать из-за недоразвития глубинных отделов мозга. Но ко времени обучения в школе уровень развития этих отделов и, соответственно, все свойства внимания должны быть у ребёнка на достаточной высоте. Также важны нейродинамические показатели, отвечающие за хорошую работоспособность. Если ребёнок быстро утомляется, то появляется непроизвольное ослабление внимания. Возникает цикличность активности, когда периоды нормальной умственной работы чередуются с полными спадами. Такой ребёнок просто «отключается» на уроке или в другой деятельности, которая требует долгого сосредоточения. За хорошую работоспособность также отвечают различные глубинные отделы головного мозга, так

называемый «ствол». Следующий пункт — это хороший уровень саморегуляции и контроля собственной деятельности. Иногда ребёнку приходится прилагать усилия, чтобы выполнить то или иное задание. Для этого необходима воля. Если уровень самоконтроля низкий, то ребёнку будет трудно планировать и контролировать свои действия, тяжело соблюдать какие-либо требования и инструкции.

За сферу самоконтроля отвечают лобные отделы головного мозга, которые созревают в последнюю очередь, примерно к пятнадцати-восемнадцати годам. Но в норме ребёнок к семи-восьми годам обладает достаточным уровнем самоконтроля для обучения в школе. Большое значение имеет хороший уровень всех видов восприятия. Например, недостаточный уровень зрительного восприятия может сказаться на восприятии отдельных признаков предмета, вызвав фрагментарность, неполноту образа. При нарушениях зрительно-пространственного восприятия ребёнок может «отзеркалить» буквы, путать их при написании. Ему трудно будет скопировать фигуру, держаться в строке при письме. За это отвечают теменно-затылочные и теменно-височно-затылочные отделы головного мозга. При несформированности акустического восприятия могут возникнуть трудности понимания инструкции, либо проблемы фонематического характера: различение звуков на слух, особенно оппозиционных фонем б-п, д-т и т. д. За это отвечают височные отделы головного мозга.

Качественному обучению мешают и проблемы в речевой сфере: небольшой словарный запас, нарушения звукопроизношения, недостаточное развитие лексико-грамматического строя, связной речи. Также для обучения необходим хороший уровень развития памяти. Как правило, зрительная память является у многих людей ведущей. Поэтому проблемы с ней встречаются реже, чем со слухоречевой.

В нашей дошкольной организации воспитываются дети с особыми образовательными потребностями, у данной категории детей отмечается недостаточность процесса переработки сенсорной информации, зачастую дети не могут целостно воспринять наблюдаемые объекты, они воспринимают их фрагментарно, выделяя лишь отдельные признаки. Всё это затрудняет процесс коррекции и социализации. Мы считаем, что одним из возможных путей решения этой проблемы является включение элементов сенсорной интеграции в общую систему коррекционной работы.

Метод сенсорной интеграции в работе логопеда, дефектолога и психолога и воспитателя предполагает стимуляцию работы всех органов чувств, направлен на активизацию познания, всех сторон речи, коррекцию поведения через сенсорику.

В данном опыте представлена система работы по обогащению чувственного опыта детей, созданию связей в головном мозге, путем экспериментирования, игр, предметно-практической деятельности, созданию определённой развивающей предметно-пространственной среды.

В своей работе мы ставим перед собой цель: применение метода сенсорной интеграции во всестороннем развитии детей дошкольного возраста. Для достижения максимальной эффективности работы по развитию детей средством метода сенсорной интеграции были определены следующие задачи:

- изучить теоретическую, методическую литературу о значении метода сенсорной интеграции в развитии дошкольников;
- создать условия для всестороннего развития детей дошкольного возраста средствами метода сенсорной интеграции с учетом индивидуальных особенностей детей;
- внедрить в образовательный процесс метод сенсорной интеграции;
- способствовать всестороннему развитию детей на основе метода сенсорной интеграции;
- оказать поддержку родителям (законным представителям) воспитанников в вопросах сенсорной интеграции.

На практике мы использовали такие методы, как: анализ психолого- педагогической литературы, комплексный метод диагностики сенсомоторного развития, наблюдения и качественный анализ полученных данных. Сенсорное развитие детей планировала при таких условиях:

- работу проводили в непосредственной образовательной деятельности, в режимных моментах, в кружковой деятельности;
- учитывали возрастные и индивидуальные особенности детей при подборе сенсорного материала;
- организовали тесное сотрудничество с родителями воспитанников и узкими специалистами детского сада.

В группе создана все условия для развития сенсорной интеграции. Организован сенсорный центр, в котором представлены игры, направленные на обогащение чувственного опыта детей, развития тактильных ощущений. Ценность сенсорного центра заключается в его универсальности: здесь дети смотрят, трогают, слышат и чувствуют.

Сенсорный центр предназначен:

- для стимуляции сенсорных функций (зрение, осязание, слух, обоняние и т.д.);
- развития мелкой моторики, стимуляции двигательной активности;
- снятия мышечного и психоэмоционального напряжения, достижения состояния релаксации и комфортного самочувствия детей;
- создания положительного эмоционального фона, повышения работоспособности ребенка;
- активизации когнитивных процессов (мышления, внимания, восприятия, памяти).

Коррекционная деятельность в рамках метода сенсорной интеграции предполагает наличие достаточно большого количества специализированного оборудования в центре:

1. Мягкие игровые модули, подушки; надувные матрасы, круги, валики и мячи, гамак, качели, батут, фитбол, тоннель, бочка, качающееся бревно, маты, вестибулярная тарелка или доска, подвесная лестница и платформа, утяжелители для рук и ног, утяжеленный жилет, сухой бассейн и мн. др, позволяющее активизировать работу вестибулярной или проприоцептивной системы (в зависимости от способа использования).

2. Оборудование, обеспечивающее тактильными ощущениями: сухой душ из лент, тактильные панно из разнообразных материалов - фольги, наждачной шкурки, кожи, меха, шерсти, обоев, поролона, дерева, игры с различными видами застежек: пуговицами, молниями, пряжками, крючками, шнуровкой, бантами, кнопками, липучками, сенсорная тропа для ног, ребристый мостик, стол-ванна для песка и воды, пальчиковые бассейны с наполнителями - горох, фасоль, крупы; массажный коврик, различные по форме и 12 степени жесткости кисточки, щётки, губки; пемза; мячики из меха, с шипами, колючками и другой контрастной фактурой; тактильные мешочки с разными наполнителями рис, горох, пуговицы, кусочки поролона, шарики пенопласта; резиновые шары с сыпучими веществами песок, мука, крахмал, крупа, пластилин мочалки, массажёры, мешочки с сыпучими материалами, тактильное лото, песок, лизуны, антистрессовые игрушки, тактильные мячики, пушистые помпоны, кисточки, щетки, ортопедические дорожки и др.

3. Предметы, используемые для развития слухового восприятия: музыкальный центр с набором кассет и CD дисков, музыкальные инструменты: ложки, треугольник, бубен, маракасы, музыкальные игрушки, музыкальные шкатулки, звенящие мячи, погремушки, шумовые банки, звучащие коробочки, свистки, колокольчики, музыкально-дидактические игры;

4. Воздушная: ароматические масла, различные приправы, ароматические палочки, тряпичные куклы, набитые сухими травами.

5. Предметы с многофункциональным значением: ведра, коробки, канаты, подушки, пластиковые бутылки, палки, игрушки.

6. Оборудование для сенсомоторных игр: кольцоброс, кегли, обручи, мешочки для метания, мячи разные по текстуре и размеру и т.п.

Все эти пособия и игры направлены на развитие сенсорных систем ребенка, имеющего нарушения сенсорной интеграции. В начале в совместной деятельности, а затем и в самостоятельной ребенок выполняет специально подобранные упражнения на зрительно-моторную координацию, тактильную, слуховую чувствительность. Тем самым стимулируется работа органов чувств в условиях координации различных сенсорных систем.

Таким образом, можно сделать вывод, что в результате проведенной работы были достигнуты следующие результаты:

- Значительно улучшилась чувствительность к тактильным, зрительным, звуковым, слуховым стимулам;
- Улучшилось осознание своего тела в пространстве;
- Снижился уровень двигательного беспокойства;
- Значительно улучшилась двигательная координация;
- Значительно улучшилась концентрация внимания;
- Улучшилась способность к обучению и коммуникации;
- Значительно улучшился эмоциональный фон.

Важно помнить, что сенсорная интеграция как вид определенных занятий целостна: она задействует все тело, все органы чувств и весь мозг. Когда мышцы работают слаженно, формируя адаптивное движение всего тела, они вместе с соответствующими суставами посылают в мозг хорошо организованные ощущения. Движения, в которые вовлечено все тело, также порождают множество вестибулярных импульсов, помогающих объединить другие сенсорные системы. Способность организовать эти ощущения и адекватно на них ответить. А применение сенсорной интеграции в условиях детского сада является необходимым звеном успешного образования и всестороннего развития детей.

Список использованных источников:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz> (Дата обращения 30.10.2021 г.).
2. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 19 июля 2013 года № 289 «Об утверждении типовых правил деятельности видов специализированных организаций образования». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz> (Дата обращения 30.10.2021 г.).
3. Кулсариева А.Т. Инклюзивное образование: нормативно-правовая база интегрированных процессов / А.Т. Кулсариева, А.Т. Искакова, М.К. Таджиева // Вестн. Вост.-Сиб. отк. акад. — 2016. — № 23. — С. 111–120.
4. Айрес, Э.Дж. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития/ Э. Дж. Айрес; [пер. с англ. Юлии Даре]. — 5-е изд. — М.: Теревинф, 2017. — 272с.
5. Кислинг У. Сенсорная интеграция в диалоге / У. Кислинг. — М.: Теревинф, 2017. — С. 235.

Шутенова С.С., Распекова А.Д. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНА СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ӘДІСІ

Бұл мақала сенсорлық интеграцияны енгізу жолдарын зерттейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен коррекциялық жұмыста сенсорлық интеграция әдістерін негіздеу, сөйлеу және танымдық процестерді белсендіруге көмектесу, сондай-ақ сезім мүшелеріне әсер ететін әдістер арқылы мінез-құлқты түзету.

Shutenova S.S., Raspekova A.D. SENSORY INTEGRATION METHOD IN THE DEVELOPMENT OF PRESCHOOLERS

The article deals with the ways of including sensory integration. Justification of sensory integration techniques in correctional work with children with special educational needs, helping to activate speech and cognitive processes, as well as behavior correction through techniques affecting the senses.

Фрайс А.М.

КГКП я/с «Салтанат»

г.Шахтинск, Республика Казахстан

nastya.frays.87@list.ru

научный руководитель: **Коркина В.И.**

ЧУ Академия «Bolashaq», г.Караганда, Республика Казахстан

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ И ИННОВАЦИИ СОВРЕМЕННОЙ ДОШКОЛЬНОЙ ПЕДАГОГИКИ

В статье описываются актуальные проблемы вопросы и пути достижения в педагогике и психологии. Актуальность выбранной темы состоит в том, что научные дисциплины-педагогика и психология играют основную роль в воспитании и обучении высокоразвитой личности, важнейший аспект в работе педагога это инновации.

Дошкольное образование по новому закону «Об образовании в РК» становится первым уровнем общего образования и регулируется государственными документами, определяющими вектор дальнейшего его развития, первое направление которого качество и доступность дошкольного образования для каждого ребенка. Несомненно система современного дошкольного образования очень важна и актуальна. В настоящее время есть и проблемы современного образования. Хочется отметить, что именно в дошкольном возрасте у ребенка закладываются все основные особенности личности и определяется качество дальнейшего его физического и психического развития. Если проигнорировать особенности развития ребенка в этом возрасте, то это может неблагоприятно сказаться на его дальнейшей жизни [1].

Вырастить и правильно воспитать ребёнка, в настоящее, быстро меняющееся время, процесс непростой и очень трудоёмкий. Современный педагог в своей непосредственной работе с детьми в условиях дошкольной организации сталкивается с новыми проблемами обучения и воспитания детей дошкольного возраста, которых практически не существовало ещё десятилетие назад.

Для обеспечения благоприятных условий жизни и воспитания ребёнка, формирования основ полноценной, гармонической личности необходимо укрепление и развитие тесной связи и взаимодействия детского сада и семьи.

Идея взаимосвязи общественного и семейного воспитания нашла своё отражение в ряде нормативно-правовых документов. Так, в законе «Об образовании» записано, что «родители являются первыми педагогами. Они обязаны заложить основы физического, нравственного и интеллектуального развития личности ребёнка в раннем возрасте» [2].

В соответствии с этим меняется и позиция дошкольного учреждения в работе с семьёй. Каждое дошкольное образовательное учреждение не только воспитывает ребёнка, но и консультирует родителей по вопросам воспитания детей. Дошкольная педагогика как наука имеет многолетнюю историю своего развития: разработан научный аппарат (объект, предмет, задачи), определено место в системе современного человекознания, изучено большое количество проблем, имеющих фундаментальный и прикладной характер. Особенно стоит отметить современный век многочисленных экспериментальных исследований, проведенных в научно-исследовательских институтах, на кафедрах дошкольной педагогики, и т. Д [3].

Вместе с тем, в настоящее время существует целый ряд актуальных проблем, которые обусловлены:

-современными процессами (политическими, экономическими, нормативно-правовыми и т. д.), происходящими в нашем обществе. Переход на новые социально-экономические условия жизни значительно изменил взгляд на систему дошкольного образования, статус детства в системе человеческих отношений;

- естественным движением дошкольной педагогики вперед, что связано с необходимостью разработки концепций, новых технологий работы с детьми в условиях дошкольной организации и семьи, методических рекомендаций, обогащающих практику дошкольного образования.

Наиболее значимыми, важными направлениями исследований являются следующие:

- создание теоретических подходов к дошкольному образованию, что, в свою очередь, повлечет серьезные изменения в научном аппарате дошкольной педагогики, организации педагогического в дошкольной организации. В настоящее время большинство концепций ориентировано на дошкольное воспитание;

- разработка педагогических условий, позволяющих оптимально учитывать ценности дошкольного детства, закономерности психического развития дошкольников в педагогическом процессе дошкольной организации;

- определение теоретических и методических подходов к реализации личностно-ориентированной модели образования. Необходимо выделить базовые, стержневые основания, которые позволили бы подходить к каждому воспитаннику как к личности целостной, со своим комплексом индивидуальных особенностей; разработать нормы и критерии возрастного развития;

- построение теории и практики инновационного дошкольного образования в свете таких приоритетов, как системный, личностный, культурологический и др. подходы;

- выявление источников личностного развития детей в семейном воспитании, комплексное изучение проблем семейного воспитания («родитель-ребенок», «ребенок-ребенок» и т. д.);

- разработка нового типа преемственности дошкольной и школьной ступени образования. Подготовка к школе должна осуществляться естественно, непринужденно, без форсирования детского развития, отсюда необходимо исследовать вопросы, связанные с развитием исследовательского воображения, интеллектуальных эмоций и т. п.;

- анализ детских видов деятельности с целью амплификации, разнопланового использования в педагогическом процессе дошкольной организации. Как оптимально сочетать детские виды деятельности в дошкольной организации, использовать их в ансамбле, в плане поддержки и развития субъектной позиции ребенка;

- исследование проблемы организации педагогического процесса в условиях полипрограммности и подготовки специалистов дошкольного профиля к проектированию развивающего дошкольного образования.

При этом в обучении учитываются характер, темперамент, уровень уже полученных знаний и умений, а так же степень сформированности умений и навыков, необходимых для дальнейшего обучения и развития. Педагогическая поддержка направлена на создание условий, совокупности поддерживающих усилий, длительного ненавязчивого содействия развитию акцентирующих самостоятельность детей для того, чтобы:

- помочь обрести уверенность;
- подкрепить положительное начало в личности;
- удержать от того, что мешает развитию.

С целью включения дошкольников в социум и приобретение социально - коммуникативных умений и навыков в современном образовании и воспитании, приоритетно использовать такие технологии личностно – ориентированного обучения как:

- разноуровневое обучение;
- модульное обучение;
- развивающее обучение
- обучение в сотрудничестве;
- метод проектов;
- коллективное взаимообучение.

Социализация и индивидуализация в растущем человеке, необходимым для развития личности ребёнка. Дети рождаются с множеством разнообразных потенциалов, и у каждого ребёнка своё предназначение. Так вариативно используя все компоненты – помощь, защиту, содействие, взаимодействие педагогическая поддержка оказывается каждому ребёнку: в режимных моментах, на прогулках, в организации питания, в игровой деятельности, организованной учебной деятельности [4].

Модернизация управления дошкольной организацией предполагает многообразие видов и технологий управления, обеспечивающих комплексное и всестороннее воздействие управляющей системы на управляемую систему дошкольной организации в рамках мотивационного и программно-целевого подходов к самоуправлению, рефлексивному управлению и самоуправлению.

На современном этапе существует ряд проблем в развитии инновационного процесса в дошкольной организации, в частности:

- совмещение инновационных программ с уже существующими;
- сосуществование представителей различных педагогических концепций;

- разные взгляды на проблемы в воспитании;
- несоответствие новых типов образовательных учреждений требованиям родителей;
- потребность в новом научно-методическом обеспечении;
- потребность в новых педагогических кадрах;
- приспособление новшеств к конкретным условиям;
- проблема изменения, оптимизации, замены новшеств;
- проблемы касающиеся инклюзии в образовании.

Таким образом, проблемы в современном дошкольном образовании есть. Без общения невозможно развить коммуникативную сторону личности ребенка. Без сотрудничества родителей с детским садом невозможно полноценное развитие ребенка. Необходимо влиять на родителей таким образом, чтобы они старались быть с ребенком на протяжении всего дошкольного возраста, помогали ему. Более эффективное обучение - это, которое предполагает личностно-ориентированный подход, но все зависит от воспитателя, от его целей, что воспитатель ставит на первый план, что на второй. И именно от педагогов зависит, будут ли решаться проблемы в современном образовании или нет [5].

В заключении, можно сказать, что современная система дошкольного обучения и воспитания может быть эффективной только при создании благоприятных социально-педагогических условий, среди которых определяющими являются гуманизация образовательного процесса, учет социальной и этнической обусловленности, мотивация нравственного патриотического поведения и эффективное управление. Социальное воспитание дошкольников через личностно ориентированное обучение с применением тактик педагогической поддержки требует дальнейшего изучения, развития и внедрения в практику дошкольных образовательных учреждений.

Список используемой литературы:

1. Актуальные проблемы дошкольной педагогики и психологии: Межвузовский сб. науч. трудов. - Казань, 1988.
2. Дошкольная педагогика / Под ред. В.И. Логиновой, П.Г. Саморуковой. —М.: Просвещение, 1988, 4.1.-Гл.1.
3. Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. – М., 2001.
4. Основы дошкольной педагогики / Под ред. А.В. Запорожца, Т.А. Марковой. – М., 1980.
5. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии/ Под ред. С.А.Смирнова. – М., 1998

Frais A.M.

CURRENT PROBLEMS AND DEVELOPMENT TRENDS AND INNOVATIONS OF MODERN PRESCHOOL PEDAGOGY

The article describes current problems, issues and ways of achieving in pedagogy and psychology. The relevance of the chosen topic lies in the fact that scientific disciplines-pedagogy and psychology play a major role in the upbringing and training of a highly developed personality, the most important aspect in the work of a teacher is innovation.

Фрайс А.М.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛАРЫ

Мақалада педагогика мен психологиядағы өзекті мәселелер мәселелер мен жетістіктерге жету жолдары сипатталған. Тандалған тақырыптың өзектілігі - ғылыми пәндер-педагогика мен психология жоғары дамыған тұлғаны тәрбиелеуде және оқытуда басты рөл атқарады, мұғалімнің жұмысындағы маңызды аспект-инновация.

**ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫНА ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**



**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК**



**ACTUAL PROBLEMS OF SOCIAL AND
HUMANITARIAN SCIENCES DEVELOPMENT**

Ақжанова А. Ш.
 «Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ-нің тарих пәні мұғалімі, т.ғ.м.,
 Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы
akzhanova_96@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ Өңірінде XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін жұмыс жасаған мұсылман мектептері

Мақалада XIX ғасыр аяғынан XX ғасырдың 30 жылдарына дейінгі Маңғыстаудағы оқу-ағарту ісінің даму тарихы, білім берудегі діни орталардың қосқан үлесі ғылыми дәрежеде зерттелген. Өңірдегі халықтың сауаттылық деңгейі және Патша үкіметінің халық ағарту ісін дамытудағы жүргізілген іс-шаралар, олардың ерекшеліктері көрсетілген.

Қазақ халқы ерте заманнан-ақ білімді де сауатты болуға ұмтылған, надандықты күлкіге айналдырған. Оқу-ағарту жұмысының тарихы елімізде ертеден басталады. Әсіресе, отырықшы аудандарда орта ғасырдың өзінде (VII – VIII ғ.ғ.) көптеген мектептер мен медреселер, діни білім беретін жоғарғы оқу орындары жұмыс жасаған. Ертедегі Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар, т.б. қалалардағы медреселер саны 84-ке жеткен. Олардың әрқайсысында мыңдаған шәкірт білім алған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ислам дінінің ықпалы қазақтар арасында мейлінше күшейді. Ислам діни оқыту жүйесі қазақ даласында дәстүрге айналып, әр ауылда жоқ дегенде хат танытатын молда болғанын классикалық әдебиет өкілдерінің шығармасынан байқауға болады.

Бұл кезеңде Қазақстан аумағына патша өкіметі өзінің билігін әуелі Орта жүзден бастады. 1822 жылы хандық билік жүйесі жойылып, округтерді аға сұлтандар басқарды. Ал Кіші жүздегі билік жүйесі өзгерістері 1831 жылдан бастап жүзеге асырылды. Өлке халқының заңды түрде патшалық Ресейге бағыныштылығы 1840 жылдардан басталды. Сондықтан әкімшілік-аумақтық құрылымдар да патша өкіметінің ұлттық-мемлекеттік саясаты талаптарына сай негізделді. Билер мен сұлтандарды Орынбор шекаралық комиссиясы тағайындады. Патшалық Ресей Каспий теңізіне билігін жүргізу үшін 1846 жылдан бастап Түпқараған түбегіне Новопетровск бекінісін салып, бұл бекініс басында поселке аталып, кейіннен Форт-Александровск қаласы (04.06.1928 ж.) болды[1, 9 б].

Маңғыстау жұрты Қазан төңкерісіне дейін өз балаларын жергілікті жерлердегі мешіт-медреселерде оқытты. Онда олар араб-парсы тілдерін меңгерді, осы тілдерде сауат ашты. Өткен заманда ел арасында ғылым, дін, мәдениет, егіншілік, бағбандық дәстүрлері, Шығыс елдерінің білімін таратқан рухани ағартушылар арқылы келген.

Маңғыстаудың байырғы тұрғындарының алғашқы сауат ашу кезеңі сонау Бекет Мырзағұлұлынан (1750-1813) бастау алады. Бекет – данагөй, абыз-ағартушы, сәулетші, пірәдар. Ол Хиуадағы Шерғазы хан медресесінде Пақыржан қажыдан дәріс алғаннан кейін елге келіп, ұстаздық еткен. Адай елінің Қосқұлақтан өрбитін Бекет Мырзағұлұлының ағартушық қызметін халық өте жоғары бағалаған. Атаның алғашқы мешіті Арал теңізінен бергі Көкаланың құмында орналасқан. Одан соң Атырау облысының территориясында түрлі жерден мешіт ашқан. Ескі Бейнеудегі мешіті сол дәуірде өте ірі, күрделі ғимарат болған. Мешіттің сол жағында шәкірттер асханасы, оң жағында кітапхана және де қазірге дейін жақсы сақталған орталық бөлме – оқу залы болған. XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі Э.Эверсман былай жазады: «Үстіртте таудан қашап жасалған мешіттер парсы, араб, татар жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткіш – зиратты Бекет төрт жерден қашаған. Оның бірі Маңғыстаудан қашық емес – Оғыландыда. Екіншісі – Бейнеуде, үшіншісі – Жем өзені бойында, төртіншісі – Арал теңізі жағасындағы Баялыда. Орыс зерттеушісі Алексеев 1853 жылы жазған «Солтүстік Үстірттің жағрафиялық сипаттамасы» деген еңбегінде «осыдан елу жыл бұрын (1803) Жемнің жоғарғы жағындағы Ақмешітті... Бекет... жазғы мекен ретінде салдырған екен. Осы мешітте Бекет ұл балаларды оқытып хат танытқан». Бекет ата халықты сауаттандыру, дін жолын уағыздау мен имандылыққа тәрбиелеу мақсатында уақытша мешіттер де ашқан[2].

Пір Бекетті үлгі еткен, тәлімгер санаған ағартушылар, ахун, ишандар мен молдалар аз болмаған. Солардың бірі әрі бірегейі – Ержан хазірет Төлегенұлы еді. Бекет атадан кейін өмір сүрген елге танымал дін қайраткерлерінің бірнешеуін атап өтер болсақ, Есек Абдолла хазірет, қырымқұл Әбді ахун, шоңай Шайқы ахун, Ыбырай ахун Құлбайұлы, бәли Нұрнияз ахун (қ.б.

1926 ж.ж), тастемір жары Айдар ишан (1848–1922 ж.ж.), бегей Тұрыс ишан, жаңай Шабар ишан Есенұлы (1860–1932 ж.ж.), Көркембай молда, кеңе жары Түйте молда, бәли Көкен молда, бектеміс жары Қарағұл, тоқтамыс жары Төлесін молда, Тұрыш ата (1832–1928 ж.ж.), Шабар ишан (1840–1928 ж.ж.), Шайхы ахун (1881–1959 ж.ж.), Оразмағамбет ахун (1882–1939 ж.ж.), сонымен қатар Абдолла хазірет Жаналыұлы (1856–1919 ж.ж.) имамды атап өтуге болады.

Алғашқы діни сауатын «Айдар ишан» медресесінен ашқан Төлегенұлы Ержан хазірет (1887-1966) бала кезден зеректігімен танылған. Ержан хазірет, үшін Бұхарадағы мәшһүр «Көкілташ» медресесіне жоғарғы діни білім алып, елге келген соң алған білімін үйретуге кіріседі. Жарқұдық деген жерде медресе салып, бала оқытады. 1929 жылы сол медресесін мектеп етіп ашуға үкіметке тапсырады. Ержан хазіреттің қызмет еткен тұсы Кеңес үкіметінің құрылып, дінге тыйым салынған сәтіне тура келгендіктен, діни білімді орны келгенде жасырын түрде үйретуге мәжбүр болады. Діни білімді тек ауызекі үйретіп қана қоймастан қағазға да түсірді. «Ғалымның хаты өлмейді» демекші, Ержан хазіреттің өз қолымен жазған қолжазба еңбегі «Өсиетнама, ұрпаққа аманат» атымен биылғы жылы жарық көріп, көпшілікке жол тартты. Бұл еңбекте діни рәсімдердің қалай атқарылуы тиіс екені және мұсылман баласы білуі тиіс 40 парыз қамтылған. Хазіреттің бұдан бөлек ауқымды екінші қолжазбасы «Ілімнің бұлағы – тақуалық қайнары» атымен жарық көрді. Бұл еңбек – біз үшін өте құнды. Ислам дінінің алғышарттары мен күнделікті мұсылман баласының білуі әрі орындауы тиіс амалдар жайында тұшымды етіп баяндайды.

Маңғыстау қазақтарының бірқатары Хиуа хандығымен тығыз байланыста болған және сондағы діни орталықтарына балаларын оқытқан. 1825-26 жылдары Үстіртті зерттеген алғашқы орыс экспедициясының бастығы Ф.Ф. Берг жергілікті қазақтармен мұсылман тілінде хат жазысып, түсіністік тапқанын жазған[1,10 б].

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы Маңғыстау аймағындағы мешіттер туралы айтсақ, олардың дін таратудағы рөлі зор болған. Мешіттердің қасында қорымдар мен құдықтың кездесуі сол аймақта үлкен елді-мекендердің болғанын көрсетеді. Мешіттер көбінесе қыш кірпіштен жасалған, ұлу тастармен салынып шебер қаланған. Кейде ағаш бағаналар қолданылған. Мешіттерде құбылаға қаратылған михрабтары болған және олар жақсы сақталған. Бөлмелері көп болған, терезелі жарыққа май шамды пайдаланған. Мешіттер көбінесе су көздері бар жерлерде орналасқан. Мұның өзі діни тұлғалардың бау-бақша өсіруіне әсер еткен. Мешіт жанынан ашылған медреселерде ел балалары ахун, хазірет, ишаннан діни білім алып, шатырхат алған. Жалпы діни ұстаздар көбейген сайын Маңғыстау мен Үстірт жерінде діни дәріс беру күшейе түскен. Осы өңірдегі дәстүрлі жерасты мешіттері жартастан ойылып салынған. Намаз оқитын бөлмесі және шам, не кітап қойған орындар бар. Қылуат деп аталатын жерасты мешітіндегі молданың жеке демалатын жері байқалады. Діни тұлға қасиетті рамазан айындағы 30 күн оразада 10 күнін қылуат бөлмесінде жеке өзі отырып құлшылық қылып, Аллаға дұға қылады екен. Көбінесе мешіттің ішінде Алла, Мұхаммед деген жазулар және таңбалар кездеседі. Жергілікті мешіттер бір-біріне ұқсас болып келеді.

Маңғыстау түбегінде көптеген мешіттер мен медреселер халықтың игілігіне қызмет еткен. Білім ордаларын жергілікті халық қаржыландырған. Мысалы халықтан түсетін бітір-зекет, әрбір саналы азаматтың қайырымдылық акциялары осыған жұмсалған. Тұщықұдықтағы Айдар ишан мешіті ашылғанда Дәулеталы Қоштай оған 72 қой мен екі жылқы байлаған. Мешіттерді, мектептерді қора-қора малы бар ауқатты кісілер өз есебінен салдырып, халық игілігіне берген. Мысалы, Маңғыстау ауданы Оңды ауылына қарасты Мырзайыр, Басқұдық қоныстарындағы мешіттерді Мединев Бекарыстан деген кісі өз қаражатына салдырған. Сол кісінің салдырған мешіттерінде өзіне қараған ағайын жуықтарынан басқа да, көрші отырған шаруалар да балаларын оқытып, қайырын көрген[2.1166].

Маңғыстаудағы оқу-ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуы туралы «Маңғыстау мұғалімдері» энциклопедиясында («Арыс» баспасы, Алматы қаласы, 2013 ж.) XX ғ. басында ресми тіркеліп, ағартушылықпен айналысқан діни қайраткерлердің тізімі берілген. Тізімде 164 адам бар. Осы тізімдегі 34-ші нөмірде тұрған Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы туралы: «Тұрмағамбетов Оразмағамбет (1881-1942 ж.ж.) Көрпе ауылындағы ұстаз, Көне Ургеніш, Хиуа, Бұхара қалаларындағы діни оқу орындарынан білім алған, түрікше, арабша сауатты, әкесінің медресесі жанынан дәрісхана, кітапхана бөлмелерін ашып, ғылыми пәндер (табиғаттану, арифметика т.б.) негізінде бала оқытқан» деп мағлұмат берген.

Оразмағамбет қызметінің үлкен бір қыры – бұл оның ағартушылығы. Ірі діни қайраткер, Алаш қайраткері, Бомбейден инженер оқуын тәмамдаған ол 1903 жылы ауылға келіп, балаларға араб әліппесінен дәріс берді. 1919 жылы ағайындарға асар айтып, жергілікті құрылыс материалдарын пайдаланып Қызылсу ауылында мектеп-медресе салып, сол төңіректегі ел-жұрт балаларына араб әліпбиін, табиғаттану, арифметика сияқты пәндермен қатар орыс тілін оқып-

үйренуге жағдай туғызады. Себебі Оразмағамбет орыс, түрік, ағылшын, парсы, араб, үнді тілдерін жетік меңгерген еді. Бұл мектепте арнайы дәрісхана және кітапхана бөлмелері болған. Онда балалар 1930 жылға дейін оқыған. Ұлт тарихында тұңғыш мектеп ашқан Жәңгірханның, Ыбырайдың есімі қандай болса Маңғыстау үшін «Оразмағамбет мектебінің» орны жоғары. Себебі, аталған қасиетті білім ордасы айтулы да белгілі азаматтар түлеткен данқты мектеп.

Ақтау-Атырау темір жолы бойындағы Манашы сайында Ақбота Көркембай мешіті, Тұщықұдықтың күншығыс жағындағы Көкімбет медресесі сияқты т.б. білім ордалары – бізден бұрын өткен ұрпақтың оқып, білім алуына игі ізденістер жасаған жандардың, жанқиярлық еңбегі мен жоғары адамгершілігінің куәсі. Әсіресе, 26 бөлмелі (18 шағын және 12 ірі күмбезді) Ақбота Көркембай мешіті сәулет өнерінің жауһары деуге болады. Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу селосынан 40 км оңтүстік-батыс бағытта, Манашы сайы бойында орналасқан. Ол Маңғыстау өлкесінің XIX ғасырдағы салынған құрылыстарының ішінде ең ірісі, әрі сәулет жауһары болған мешіт. Жергілікті ауқатты - бай Ақбота Жеменейдің тапсырысымен салынған. Мешіттің жоспары 22 бөлмелі тік төртбұрышты құрылыс, төбесінен 28 күмбез шығарылған. 1991 жылы мешітке қайта жөндеу жұмыстары жүргізілген, қабырға мен күмбездің құлаған жерлері қалпына келтіріліп, қоршау жасалған. А.М.Қоғалбаева (1992 ж.) «Көшпелілердің мәдени мұрасының мәселелері бойынша ҚазҒЗИ»-нің экспедициясы (2007 ж.) зерттеген. Алғаш рет 07.01.1993 жылы облыс әкімінің №362 шешімімен мемлекеттік қорғауға алынған. Қазіргі таңда Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 28 шілдедегі №279 қаулысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген[3].

Көркембай мешіті 1928 жылға дейін білім ордасы аталып, онда ел балалары мұсылманшылықтан дәріс алған. Мешітте атағы елге танылған Абдолла хазірет, Шәудір ишан, Қарақалпақ Мәткәрім, т.б сабақ берген. Большевиктер тарапынан қуғынға ұшыраған Бектұрлықлы Көркембай ахун мешітін жабуға мәжбүр болып, өзі Тәжікстан жеріне қоныс аударады. Қай жылы қайтыс болғаны, қайда жерленгені туралы ақпарат жоқ.



Көркембай ахун мешіті

Маңғыстауда білім берумен танымал Торым құдығы жанында орналасқан Естұрлы мешіті бар. Ұзындығы 14 метрден асатын тастан ойып салынған мешіт үш секцияға бөлінген. Ұзақ жылдар қызмет еткен мешітте танымал ұстаз ретінде Ізімбергенов Нығметті, Мағаз ахунды атай аламыз. Мешіттер мұсылмандардың рухани өміріне, тұрмыс-тіршілігіне әсер етті. Мұрағат деректерінен жас балаларды оқытумен айналысатын жеке молдалар болғанын көреміз. Медресе болмаған жағдайда молданың жеке үйі білім беруге арналды. Бұл қызметі үшін молдалар үкіметтен де халықтан да тұрақты жалақы алмай, Алла жолында білгенімен бөлісетін. Ауыл азаматтары азық-түлікпен, не қолында бар төрт мүлікпен қамтып отыратын.

Қажы, ахун, имамдардың көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ ауылдарында «дала мұғалімі» ретіндегі орны қашанда биік болды. Арнайы салынған мешіт пен медреселер қазақтың барлық ауылдарында бірдей бола бермеген. Көшпелі ауылдарда діни тұлғалар бірге көшіп, молданың үйі мешіт пен мектептің рөлін атқара берген. Жайлауда молданың киіз үйі немесе арнайы тігілген киіз үй мектеп мешіттің қызметін атқарған ауылдар жиі кездесті. Қазақтар балаларын молдаға оқуға берерде «еті сенікі, сүйегі менікі» деп, баласының білім алуына ерекше көңіл бөлген. Қажылардың, имам, молдалардың ағартушылық қызмет етуі,

әсіресе орталық қалалардан алыс аймақтарда, жайлау, қыстаулардан мешіт-медреселер құрылысын салдырту, оны ұстап тұру оңай болмаған.

Сол заманның үрдісіне сәйкес бабаларымыз Бұхара мен Самарқандқа, Хиуа мен Уфаға барып жоғары діни білім алды. Біздің қоғамда медресені тәмамдап келген адамға деңгейіне қарап түрлі атау берілген. Мәселен, «абыз» (хафиз), «ахун», «молда», «хазірет» дегендей. Хазірет – жоғары білімді дін иелеріне берілетін дәреже. Мұхаммед пайғамбардан кейінгі 4 халифаның бірі Али қазаққа «Әзіреті Әли» деген атпен мәлім. Хазірет лауазымы аймақтық діни басқарма өкіліне де берілген. Ахун – мүфтиден кейінгі атақ. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласында қолданылған діни лауазым. Себебі XVIII ғасырдың екінші жартысында Бұхар хандығындағы ең жоғарғы діни лауазым ахун болды. Мүфтидің шарият бойынша айтқан шешімі ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмаған. Бүгінгі күні «Ахун» деген діни лауазымның орнына «наиб мүфти» лауазымы енгізілген. Ишан – халық арасында сауат ашу ғибадат айту қызметін атқарып жүрген діни сауатты адамға берілетін діни атақ. «Әулие» деген сөздің баламасы. Сопылық мектептің жетекшісі[4].

Медреселер білім беру мен оқу дәрежесіне қарай 4 сатыға бөлініп, оқу мерзімі 12-13 жылға созылған: Бастауыш медресе – ибтидаия деп аталды. Оқу мерзімі – 4 жыл. Рушдия, оқу мерзімі – 3 жыл; Иғдадия – жоғары оқуға дайындық, оқу мерзімі – 3 жыл; Ғалия – жоғары білім беретін саты. Оқу мерзімі – 3 жыл. Ғалияны бітірген шәкіртке «ахун», «молда», «халфе» немесе «мударрис» деген атақ берілген.

Кеңес өкіметі жылдары қазақ халқын ағарту бағытындағы мұсылман мектептерінің рөлі әдейі төмендетіліп, еңбектері жоққа шығарылып келді. Олар діни фанатизм ошақтары ретінде сынға ұшырап, мүлде есепке алынбады. Ал тарихи шындыққа жүгінсек, ислам қағидаларын оқытқан мұсылмандық мектептердің құнды тәлімдік тәжірибесі, ұстанымдары мен бай тарихы болған. IX-XIII ғасырларда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, әл-Фараби, Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Иассауилер мұсылман мектептерінен білім алған кемеңгерлер еді.

Жалпы, қазақ жерінде Қазан төңкерісіне дейін мұсылман мектептерінің «қадим» және «жәдат» деп аталатын екі түрі жұмыс істеген. Біз сөз етіп отырған «Қадим» мектептерінде оқу араб тілінде жүргізіліп, діни білім берілді. Оқу мерзімі 4 жыл, оқуға балалар 7 жастан қабылданған. Оқушылар сауат ашу жолын 28 араб әрпін жаттаудан бастаған. Сол кездегі мектептің бірінші оқу құралы ретінде «Иман шарт» пайдаланылған. Екінші оқу жылы «Әптиек»-құранның жетіден бір бөлігі оқытылған. Әптиектен кейін Құранның өзі оқытылған. Бұлардан басқа «Бадауам», «Ахирзаман», «Қырық хадис» атты араб және түріктілдеріндегі кітаптар қолданылған. Сонымен қатар жекелеген мектептерде шығыс ойшылдары Фирдоуси, Низами, Науаи шығармалары да оқытылған.

Мұсылмандық оқу орындары – мектептер мен медреселер және оларда оқыған шәкірттер саны туралы мәліметтер толық, әрі анық еместігіне қарамастан, мұрағат деректерінен олардың жылдан-жылға өскенін көреміз.

1870 жылдан бастап патша үкіметінің бастамасы бойынша медреселерде міндетті түрде орыс тілінің негіздерін үйрету енгізілді. XIX ғасырда Қазақстанда жүрген өзгерістер Маңғыстау өңіріндегі білім беру жүйесін де қамтиды. 1897 жылы жүргізілген Ресей империясының Бірінші халық санағының санақ қағазында ана тілі, оқи білуі мен оқыған жерін көрсету қажет етілген графалар болды. Сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін графада үш сұрақ белгіленді: орысша сауаттылығы, басқа тілдердегі сауаттылығы және бастауыштан жоғары білім алғандығы туралы. Сауаттылығы жағынан басқа ұлттарға қарағанда орыстар жоғарғы көрсеткіш көрсетті – 26,6%-ы сауатты болды. Алайда олардың арасында басқа тілдегі сауаттылар болмады. Екінші кезекте татарлар, үшінші орынды қазақтар иеленді: 86005 қазақ немесе бүкіл қазақтардың 2,7%-ы сауатты деп есептелінді. Қазақтар арасында арабша сауаттылар болды, бірақ, мұндай адамдар саны нақтыланбады. Маңғышлақ уезі бойынша сауаттылар 1375 адам (уездің 2,0%), соның ішінде «орысша сауаттылар» 878 адам, «басқа тілде сауаттылар» 497 адам, «бастауыштан жоғары білім алғандар» 42 адам болды. Маңғышлақ уезіндегі сауаттылық деңгейі 1897 ж. санақта төмендегі көрсеткіштермен сипатталады: 63 795 қазақтың 504-і сауатты (облыстағы қазақтардың 0,8% ғана), оның 52-сі орысша сауатты (50 ер адам, 2 әйел адам), 456-сы басқа тілдерде сауатты (451 – ер адам, 5 – әйел адам). Соның ішінде 1 қазақ бастауыштан жоғары білімді деп есептелінген[5].

Маңғыстау уездік басқармасының есебінде мұсылман балаларын оқытатын 26 медресе болғаны көрсетіледі. Түпқараған болысында – Басқұдық, Тарталыда; 1-Бозашы болысында Шетпе, Бүліш, Тасорпада; 1-Бозашы болысында – Бесбұлақ, Шөбір, Тұщықұдық, Шотан, Қолшы, Жармыш, Иткелді, Қаламқаста; Түрікмен болысында Ақшұқырда; Маңғыстау болысында – Сұмса, Ақтөбе, Жарма, Қойлан, Гунин, Жыңғылды, Жағыш, Ақпан, Сенек, Тасқұдық, Форт-

Александровск, Қаражарда. Оларда 7-20 жас аралығындағы ер балаларды оқытады. Оқитын пәндері – түрік тілі, арапша сауат ашу, хат тану, құран. Ал, 1892 жылғы мәлімет бойынша, Маңғышлақ уезінде 34 медресе болды. Онда 492 оқушы (оның 322 – ер, 170 – әйел) оқыды[1. 116] Сонымен, 1870 – 1900 жылдардың мәліметтеріне сүйене отырып, Маңғыстау жерінде 30-ға тарта мұсылман мектептері жұмыс істеп, жылына онда орта есеппен 300-ге тарта бала оқу бітіріп отырған деуге болады.

Патша үкіметінің бұйрығымен Орта Азияны отарлау саясатын жүргізген орыс инженері генерал К.П. Кауфман білім беру саласына да ерекше көңіл бөлді. 1874 жылы тек Түркістан округінің өзінде 60 мектеп ашылған. Бұл саясаттың Закаспий облысындағы Маңғыстау өлкесіне де ықпалы болғаны анық. 1868 жылы Форт-Александровскіде орыс тілінде оқытатын тұңғыш мектеп ашылды. Ол «бір сыныпты уездік училище» деп аталды. Ондағы оқу мерзімі үш жылға созылды. 1878 жылы уездің орталығы Форт-Александровскіде екі мұсылман мешіті салынды, бірі Әлжан ишан қажы Баймырзаұлының салдырған қазақ мешіті, екіншісі Халмұхамедұлы Өтемұрат ахунның салдырған түрікмен мешіті[1. 106].

1887 ж. 20 тамызда Маңғыстау болысы Маңғыстау уезі басқармасының атына жазылған бір баянжазда: «Болыстар кірісінде 22 медресе болған. Оқу парсы, араб, татар тілдерінде жүреді. Қыз балалар тек намаз оқуға ғана қатысады», - деп жазылған.

XIX ғасырдың аяғынан бастап Қазақ даласында мешіт те, діни тұлғаларда көбейді. Исламдық фанатизмнің өріс алуынан сескене бастаған Ресей патшалығы елде мешіттер салуға тыйым салғандығын мұрағаттағы әкімшілік құжаттары растайды. Іс жүзінде рұқсатсыз мешіт салынғандарды заңнаманың 1073 қылмыстық қудалау бабы бойынша жергілікті басқару әкімшілігі арқылы жазалап отырған. 1891 жылы 28 ақпан айында ПМ-гі Торғай облысының әскери губернаторы қазақ Тлеубердиевтің рұқсатсыз тұрғызған мұсылмандық ғибадатхана үйін жабуға және жазалауға рұқсат берген [425, 4-п.]. 1073-бабының 2-бөлімінің дәл мағынасына сәйкес Торғай облысындағы бастықтардың рұқсатынсыз салынған мешіттерді белгілі бір шараның бұзылған тәртіпті қалпына келтіру үшін қаншалықты қажет болатынына қарай, түзетуге, басқа орынға ауыстыруға немесе мүлдем жабуға жатады деп тануға болады делінген[4].

Қорыта келе, Қазақ жерінің батыс өңірінде XIX – XX ғасырдың бас кезінде қажылар, діни ағартушылар ашқан мешіт медреселер, Кеңестік үкіметтің орнауы әсерінен діни қудалауға ұшырып, өздерінің қызметін біржола тоқтатуға мәжбүр болған. Қазіргі таңда ескі мешіт пен медреселер орны жартылай құлап, жартылай сақталып, ашық аспан асты ескерткішіне айналды. Қазақстанның батыс өңірінде әр рудан шыққан діни тұлғалар өзге шет елден білім алып, елге келіп мешіт салып қызмет жасаған. Демек, Хиуа, Бұхара, Самарқанд т.б, медреселерден білім алған ахун, ишан, хазіреттер елге келіп мұсылманшылықты дамытқан. Мешіт мен медреселердің көбеюінен қазақ балаларының өз елінде білім алуына жол ашылды. Мешіттер болған жерде қоныстар, елді-мекендер мен құдықтар болған. Бір-бірін ағартушылыққа, білімге шақырып бөліскен. Жалпы алғанда мешіттер өз жұмыстарын 1930-шы жылдарға дейін жүргізіп келген. Тоталитарлық Кеңес өкіметінің күшеюімен, атеизм саясатының толық жүргізілуімен мешіттердің тағдыры күрт өзгеріп, жабылуға мәжбүр болды. Діни тұлғалар қуғындауға ұшырап, репрессияға ұшырады, біразы атылды және репрессияланды. Тірі қалғандары Иран, Ресей, Түркіменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ауғанстан және т.б. елдерге еріксіз көшіп кетті.

Халықтың білім деңгейі – ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана дамуының ең басты көрсеткіші, XIX-XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Маңғыстау халқының білім алу үрдісі тарихи белестерге сай өсу бағытында болғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Білім – жеке адамның әлеуметтік-экономикалық үрдістерге тиімді араласуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Заманға сай білім алу және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасау өзінің өзектілігін ешқашан жоймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маңғыстау мұғалімдері: Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 480 б. ҚОММ, 40-қор, 1-тізбе, 401-іс, 89-118-бб.
2. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997. -384б
3. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы. Маңғыстау облысы. – Өскемен: AsT prime, 2012. -600 б.
4. Сабырғалиева Н.Б.Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің руханиағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)

<https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%81%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%9D.%20%D0%A1%D0%B0>

5. Қамиева Г.Б. КМТИУ ХАБАРШЫСЫ №1(31)-2017 ///Маңғыстаудағы оқу-ағарту ісінің даму тарихы(XIX ғасыр – XX ғасырдың бірінші жартысы) https://ysj.yu.edu.kz/wp-content/uploads/2020/01/vestnikyu_31-2017.pdf

Акжанова А.Ш.

МУСУЛЬМАНСКИЕ ШКОЛЫ, ДЕЙСТВУЮЩИЕ В МАНГЫСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ С СЕРЕДИНЫ XIX ДО 30-Х ГОДОВ XX ВЕКА

В статье научно изучена история развития образования в Мангистау с конца XIX по 30-е годы XX века, вклад религиозных кругов в образование. Обозначены уровень грамотности населения региона и деятельность, проводимая царским правительством по развитию народного образования, их особенности.

Akzhanova A.Sh.

MUSLIM SCHOOLS OPERATING IN THE MANGYSTAU REGION FROM THE MIDDLE OF THE 19TH TO THE 30S OF THE XX CENTURY

The article scientifically studies the history of the development of education in Mangistau from the end of the 19th to the 30s of the 20th century, the contribution of religious circles to education. The level of literacy of the population of the region and the activities carried out by the tsarist government to develop public education and their features are indicated.

ӘОЖ 37

Байтұрбаева Б.Т.

Шилібастау орта мектебі МДШО КММ, Алматы облысы, Қазақстан Республикасы
shara_as69@mail.ru

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА АКТ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТЫ

Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным-әдістердің қолдануға мүмкіндік береді. Тарих сабағының маңызды мақсаты – өмірге қадам басқан адамның әлеуметтенуіне, яғни оның тұлға ретінде өзін-өзі анықтауына, қоғамдағы орнын, тарихи тамырын түсінуіне ықпал ету.

Тірек сөздер: тарих – ғылым, тарих негіздері, отансүйгіштікке тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие, оқушылардың ой-өрісі, өз бетімен жұмыс істеу дағдылары, ауызша баяндау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

Тарихи білімді адам ғана өзі өмір сүрген қоғамдағы орнына, атқаратын қызметін дұрыс анықтай алады. Сондықтан да дүние жүзіне белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтылғандары жоқ. Әбу-Насыр Әл Фараби «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды, келешекте болжау қиын» - десе, А. Байтұрсынұлы «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттасы -тарих» -деп өте жоғары баға берген.

Қазіргі қоғамды дамытудағы басым бағыттардың бірі оқытуды ақпараттандыру процесі болып табылады. Бүгінгі таңда тарих сабақтарын өткізу немесе дайындау кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен ешқашан кездеспеген мұғалім табылуы екіталай, өйткені ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу адам қызметінің тиімділігін арттырады, сондай-ақ осы қызметті әртараптандырады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушыларға уақытты үнемдеп қана қоймай, оқу процесін қызықты етуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ең маңызды дидактикалық принципті-көрнекілік принципін жүзеге асырады. Акт ұсынған нысандар ақпараттық, түрлі-түсті және процестерді егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді, ал білімнің нақты өмірге жақындығы бұл білімді неғұрлым түсінікті етеді.

Қазақ тарихы пәнін оқыту-оқытуда заманауи, интерактивті әдістер мен технологияларды белсенді пайдалану. Әрине, бүгінгі тақырыпты талқылау кезінде мұғалімнің кәсіби дағдылары, оның оқыту әдістері мен қолданылатын педагогикалық технологиялар бірінші орынға шығады,

нәтижесінде олар оқушылардың пәнге, мектепке деген қызығушылығы мен ынтасын арттырады. Олар оқу іс-әрекетінің репродуктивті формаларынан тәуелсіз, шығармашылық жұмыс формаларына көшуге, оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыруға және әртүрлі ақпарат түрлерімен және оның көздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға назар аударуға мүмкіндік береді. Соңғы мультимедиялық технологиялар сізге ауызша сөйлеуді тез және тиімді меңгеруге, дұрыс айтылымды орнатуға және еркін сөйлеуге үйретуге көмектеседі.

АКТ-ны сабақта қолдану қазақ тарихы сабақтарының білім сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Соңғы жылдары мектептерде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріліп келеді. Бұл жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа нысандары мен әдістері, оқу процесіне жаңа көзқарас. Қазақ тарихын оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оларды сол пәнді жете білуге үйрету болып табылады. Осылайша, білім беруде заманауи технологияларды қолдану оқушылардың жеке басын қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды және қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне жауап береді. Интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып және оларды оқу процесіне біріктіре отырып, сабақтарда бірқатар дидактикалық міндеттерді барынша тиімді шешуге болады:

а) күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тікелей желілік материалдарды пайдалана отырып, оқыту дағдылары мен біліктерін қалыптастыру;

б) мұғалім мен оқушылардың бірі ұсынған желілік материалдарды проблемалық талқылау сөйлеу дағдыларын жетілдіру;

в) серіктестерге жеке немесе жазбаша жауап беру, рефераттарды, жұмыстарды, серіктестердің бірлескен қызметінің басқа эпистолярлық өнімдерін дайындауға қатысу арқылы жазбаша, ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдана отырып, әртүрлі жұмыс түрлерін үйлестіру оқушылардың мотивациясын дамыту мәселесін шеше алады.

Бүгінгі таңда өз қызметінің мазмұнын жаңарта алатын, ақпаратты таратушы ғана емес, сонымен қатар білім беру процесін ұйымдастырушы рөлін алатын, өзінің бірегей шығармашылық жолын іздеуге белсенді қатысатын инновациялық педагогқа деген қажеттілік артып келеді. Ал Шығармашылық бұл ерекше, қайталанбас және қайталанбас әрекет. Ақпараттық технологиялар жағдайында тарих сабақтарында оқу ақпаратын меңгерумен байланысты түрлері;

1) Қабылдау кезеңі ретінде эмпирикалық қызмет;

- монитор экранында фонға назар аудару;
- фонда жекелеген тапсырмаларға назар аудару;
